- Егер кіру нүктесінде бірнеше SSID идентификаторы болса, көрсетілетін SSID идентификаторын таңдаңыз. SSID идентификаторы үйлесімді емес жиілікті пайдаланып жатқанда, принтер оларды көрсетпейді.
- Желі қосылымын орнатуға түймені басу арқылы реттеуді пайдалансаңыз, кіру нүктеңіз WPS қолдайтынын тексеріңіз. Кіру нүктеңіз WPS қолдамаса, түймені басу арқылы реттеуді пайдалана алмайсыз.
- SSID тек ASCII таңбаларын (әріптік-сандық таңбалар мен белгілер) қолданатынын тексеріңіз. Принтер ASCII емес таңбаларды қамтитын SSID идентификаторын көрсете алмайды.
- Кіру нүктесіне қосудың алдында SSID идентификаторы мен құпия сөзіңізді білетініңізді тексеріңіз. Егер кіру нүктесін оның әдепкі параметрлерімен пайдаланып жатсаңыз, SSID идентификаторы мен құпия сөз кіру нүктесіндегі жапсырмада орналасқан. Егер SSID идентификаторыңыз бен құпия сөзді білмесеңіз, кіру нүктесін орнатқан адамға хабарласыңыз немесе кіру нүктесімен бірге берілген құжаттаманы қараңыз.
- Смарт құрылғыны байланыстырудан жасалған SSID идентификаторына қоссаңыз, смарт құрылғымен берілетін құжаттамадағы SSID идентификаторын және құпия сөзді тексеріңіз.

Желі параметрлері

- Егер Wi-Fi қосылымы күрт ажыратылса, төмендегі жағдайларды тексеріңіз. Келесі шарттардың қандай да бірі қолжетімді болса, келесі веб-сайттан бағдарламалық құралды жүктеу және іске қосу арқылы желі параметрлерін қалпына келтіріңіз.

<http://epson.sn> > **Реттеу**

- Түймені басу арқылы реттеудің көмегімен басқа смарт құрылғы желіге қосылған.
- Wi-Fi желісі түймені басу арқылы реттеудің басқа әдісі көмегімен реттелді.

E-5

Хабар:

Security mode (e.g. WEP, WPA) does not match the current setting of the printer. Confirm security mode. Contact your network administrator for assistance.

Шешімдер:

Кіру нүктесінің қауіпсіздік түрі келесінің біреуіне орнатылғанын тексеріңіз. Егер орнатылмаса, кіру нүктесінде қауіпсіздік түрін өзгертіп, принтердің желі параметрлерін қайта орнатыңыз.

- WEP-64 биттік (40 биттік)
- WEP-128 биттік (104 биттік)
- WPA PSK (TKIP/AES)*
- WPA2 PSK (TKIP/AES)*
- WPA (TKIP/AES)
- WPA2 (TKIP/AES)

* WPA PSK «WPA Personal» деген атпен де белгілі. WPA2 PSK «WPA2 Personal» деген атпен де белгілі.

E-6

Хабар:

MAC address of your printer may be filtered. Check whether your router/access point has restrictions such as MAC address filtering. See the documentation of the router/access point or contact your network administrator for assistance.

Шешімдер:

- MAC мекенжайының сүзгіленуі өшірілгенін тексеріңіз. Егер ол қосулы болса, принтердің MAC мекенжайын сүзгіленбеген ретінде тіркеңіз. Мәліметтер алу үшін кіру нүктесімен бірге берілген құжаттаманы қараңыз. Желі қосылымы есебіндегі **Network Status** бөлігінен принтердің MAC мекенжайын тексере аласыз.
- Егер кіру нүктесі ортақ пайдаланылатын аутентификацияны WEP қауіпсіздік түрімен пайдаланса, аутентификация кілті мен индексі дұрыс екенін тексеріңіз.
- Егер кіру нүктесіндегі қосуға болатын құрылғылардың саны қосу қажет желі құрылғыларының санынан аз болса, қосуға болатын құрылғылардың санын ұлғайту үшін кіру нүктесінде реттеулерді жасаңыз. Реттеулерді жасау үшін кіру нүктесімен бірге берілген құжаттаманы қараңыз.

Желі параметрлері

E-8

Хабар:

Incorrect IP address is assigned to the printer. Confirm IP address setup of the network device (hub, router, or access point). Contact your network administrator for assistance.

Шешімдер:

- Принтердің IP мекенжайын алу параметрі **Автоматты** күйіне орнатылса, кіру нүктесіндегі DHCP параметрін қосыңыз.
- Егер принтердің IP мекенжайын алу параметрі «Қолмен» күйіне орнатылса, қолмен орнатқан IP мекенжайы ауқымнан тыс (мысалы: 0.0.0.0) болуына қарай жарамсыз болады. Принтердің басқару тақтасынан немесе Web Config пайдалану арқылы жарамды IP мекенжайын орнатыңыз.

E-9

Хабар:

Confirm the connection and network setup of the PC or other device. Connection using the EpsonNet Setup is available. Contact your network administrator for assistance.

Шешімдер:

Келесіні тексеріңіз.

- Құрылғылар қосылған.
- Принтерге қосу қажет құрылғылардан интернетке және бірдей желідегі басқа компьютерлерге немесе желі құрылғыларына кіруге болады.

Жоғарыдағыны растағаннан кейін де принтеріңіз бен желілік құрылғыларыңыз жалғанбаса, кіру нүктесін өшіріңіз. 10 секундтай күтіп, қосыңыз. Кейін келесі веб-сайттан орнату құралын жүктеу және іске қосу арқылы желі параметрлерін қалпына келтіріңіз.

<http://epson.sn> > **Реттеу**

E-10

Хабар:

Confirm IP address, subnet mask, and default gateway setup. Connection using the EpsonNet Setup is available. Contact your network administrator for assistance.

Шешімдер:

Келесіні тексеріңіз.

- Желідегі басқа құрылғылар қосылады.
- Егер принтердің IP мекенжайын алу параметрін «Қолмен» режиміне орнатсаңыз, желі мекенжайлары (IP мекенжайы, қосалқы желі маскасы және әдепкі шлюз) дұрыс.

Егер олар қате болса, желі мекенжайын қайта орнатыңыз. Желі қосылымы есебіндегі **Network Status** бөлігінен IP мекенжайын, қосалқы желі маскасын және әдепкі шлюзді тексеруге болады.

Желі параметрлері

DHCP параметрі қосылса, принтердің «IP мекенжайын алу» параметрін **Auto** күйіне өзгертіңіз. Егер IP мекенжайын қолмен орнату қажет болса, желі қосылымы есебіндегі **Network Status** бөлігінен принтердің IP мекенжайын тексеріңіз, содан соң желі параметрлері экранындағы «Қолмен» параметрін таңдаңыз. Қосалқы желі маскасын [255.255.255.0] мәніне орнатыңыз.

Принтеріңіз бен желілік құрылғыларыңыз әлі жалғанбаса, кіру нүктесін өшіріңіз. 10 секундтай күтіп, қосыңыз.

E-11

Хабар:

Setup is incomplete. Confirm default gateway setup. Connection using the EpsonNet Setup is available. Contact your network administrator for assistance.

Шешімдер:

Келесіні тексеріңіз.

- Принтердің TCP/IP реттеуі «Қолмен» күйіне орнатылса, әдепкі шлюз мекенжайы дұрыс.
- Әдепкі шлюз ретінде орнатылған құрылғы қосылады.

Дұрыс әдепкі шлюз мекенжайын орнатыңыз. Желі қосылымы есебіндегі **Network Status** бөлігінен әдепкі шлюз мекенжайын тексеруге болады.

E-12

Хабар:

Confirm the following -Entered security key/password is correct -Index of the security key/password is set to the first number -IP address, subnet mask, or default gateway setup is correct Contact your network administrator for assistance.

Шешімдер:

Келесіні тексеріңіз.

- Желідегі басқа құрылғылар қосылады.
- Егер қолмен енгізсеңіз, желі мекенжайлары (IP мекенжайы, қосалқы желі маскасы және әдепкі шлюз) дұрыс.
- Басқа құрылғыларға (қосалқы желі маскасы және әдепкі шлюз) арналған желі мекенжайлары бірдей.
- IP мекенжайы басқа құрылғылармен қайшы келмейді.

Жоғарыдағыны растағаннан кейін де принтеріңіз бен желілік құрылғыларыңыз жалғанбаса, келесіні көріңіз.

- Кіру нүктесін өшіріңіз. 10 секундтай күтіп, қосыңыз.
- Орнату құралы арқылы желі параметрлерін қайта реттеңіз. Оны келесі веб-сайттан іске қосуға болады.

<http://epson.sn> > **Реттеу**

- WEP қауіпсіздік түрін пайдаланатын кіру нүктесінде бірнеше құпия сөзді тіркеуге болады. Егер бірнеше құпия сөз тіркелсе, принтерге бірінші тіркелген құпия сөз орнатылғанын тексеріңіз.

Желі параметрлері

E-13

Хабар:

Confirm the following -Entered security key/password is correct -Index of the security key/password is set to the first number -Connection and network setup of the PC or other device is correct Contact your network administrator for assistance.

Шешімдер:

Келесіні тексеріңіз.

- Кіру нүктесі, хаб және маршрутизатор сияқты желі құрылғылары қосылады.
- Желі құрылғыларына арналған TCP/IP реттеуі қолмен реттелмеген.(Егер принтердің TCP/IP реттеуі басқа желі құрылғыларына арналған TCP/IP реттеуінде қолмен орындалып жатқанда автоматты түрде орнатылса, принтердің желісі басқа құрылғыларға арналған желіден өзгеше болуы мүмкін.)

Егер ол жоғарыдағы бөлімді тексергеннен кейін де жұмыс істемесе, келесіні орындап көріңіз.

- Кіру нүктесін өшіріңіз.10 секундтай күтіп, қосыңыз.
- Принтермен бірдей желіге қосылған компьютерге орнату құралы арқылы желілік реттеулер жасаңыз.Оны келесі веб-сайттан іске қосуға болады.
<http://epson.sn> > **Реттеу**
- WEP қауіпсіздік түрін пайдаланатын кіру нүктесіне бірнеше құпия сөзді тіркеуге болады.Егер бірнеше құпия сөз тіркелсе, принтерге бірінші тіркелген құпия сөз орнатылғанын тексеріңіз.

Желі ортасындағы хабар

Хабар	Шешім
*Multiple network names (SSID) that match your entered network name (SSID) have been detected. Confirm network name (SSID).	Әртүрлі кіру нүктелерінде бірдей SSID идентификаторы орнатылуы мүмкін. Кіру нүктелеріндегі параметрлерді тексеріп, SSID идентификаторын өзгертіңіз.
The Wi-Fi environment needs to be improved. Turn the wireless router off and then turn it on. If the connection does not improve, see the documentation for the wireless router.	Принтерді кіру нүктесіне жақындатып, олардың арасындағы қандай да бір кедергілерді алып тастағаннан кейін кіру нүктесін өшіріңіз. 10 секундтай күтіп, қосыңыз. Егер ол әлі де қосылмаса, кіру нүктесімен бірге берілетін құжаттаманы қараңыз.
*No more devices can be connected. Disconnect one of the connected devices if you want to add another one.	Бір уақытта жалғауға болатын компьютер мен смарт құрылғы Wi-Fi Direct (қарапайым AP) қосылымында толық жалғанған. Басқа компьютерді немесе смарт құрылғыны қосу үшін алдымен қосылған құрылғылардың біреуін ажыратыңыз. Желі күйі парағын немесе принтердің басқару тақтасын тексеру арқылы бірге жалғауға болатын сымсыз құрылғылардың санын және жалғанған құрылғылардың санын тексеруге болады.

Желі күйі парағын басып шығару

Толық желі ақпаратын басып шығару арқылы оны тексеруге болады.

Желі параметрлері

1. Қағаздарды салу.
2. Негізгі экранда **Параметрді орнату** тармағын таңдаңыз, содан кейін ОК түймесін басыңыз.
3. **Желі параметрлері** параметрін таңдап, ОК түймесін басыңыз.
4. **Желі күйі** параметрін таңдап, ОК түймесін басыңыз.
5. ◀ немесе ▶ түймесін басып, ▲ немесе ▼ түймесі арқылы **Бас.шығ. күйінің парағы** параметрін таңдаңыз.
6. ⬠ түймесін басыңыз.
Желі күйі парағы басып шығарылады.

Кіріс нүктелерін ауыстыру немесе жаңасын қосу

Кіріс нүктесінің ауысуына байланысты SSID идентификаторы өзгерсе немесе кіріс нүктесі қосылса және жаңа желі ортасы орнатылса, Wi-Fi параметрлерін қайта орнатыңыз.

Қатысты ақпарат

➔ [“Компьютерге қосылу әдісін өзгерту” бетте 39](#)

Компьютерге қосылу әдісін өзгерту

Орнату құралын және қайта орнатуды басқа қосылым әдісінде пайдалану.

Веб-сайттан орнату

Келесі веб-сайтқа кіріп, өнім атауын енгізіңіз. **Реттеу** бөліміне өтіп, орнатуды бастаңыз.

<http://epson.sn>

Бағдарламалық құрал дискісі арқылы орнату (бағдарламалық құрал дискісімен келетін модельдерге және компьютерлерінде диск драйверлері бар пайдаланушыларға ғана арналған.)


Бағдарламалық құрал дискісін компьютерге салып, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Қосылым әдістерін өзгертуді таңдау

Экрандағы нұсқауларды келесі экран көрсетілгенше орындаңыз.

Желі параметрлері

Бағдарламаны орнатуды таңдау терезесіндегі **Қосылым әдісін өзгерту немесе қайта орнату** параметрін таңдап, **Сосын** түймесін басыңыз.



Wi-Fi мүмкіндігін басқару тақтасынан өшіру

Wi-Fi мүмкіндігі өшірілгенде Wi-Fi қосылымы ажыратылады.

1. Негізгі экраннан **Параметрді орнату** таңдаңыз.
2. **Желі параметрлері** параметрін таңдаңыз.
3. **Wi-Fi орнату** параметрін таңдаңыз.
4. **Wi-Fi өшіру** параметрін таңдаңыз.
5. Хабарды тексеріп, **Иә** түймесін басыңыз.

Wi-Fi Direct (қарапайым AP) қосылымын басқару тақтасынан өшіру

Ескертпе:

Wi-Fi Direct (қарапайым AP) қосылымы өшірілгенде, Wi-Fi Direct (қарапайым AP) қосылымындағы принтерге қосылған барлық компьютерлер мен смарт құрылғылар ажыратылады. Егер белгілі бір құрылғыны ажырату қажет болса, принтерден емес, құрылғыдан ажыратыңыз.

1. Негізгі экраннан **Параметрді орнату** таңдаңыз.

Желі параметрлері

2. **Желі параметрлері** параметрін таңдаңыз.
3. **Wi-Fi орнату** параметрін таңдаңыз.
4. **Wi-Fi Direct орн-у** параметрін таңдаңыз.
5. **Wi-Fi Direct өшіру** параметрін таңдаңыз.
6. Хабарды тексеріп, **Иә** түймесін басыңыз.

Желі параметрлерін басқару тақтасынан қалпына келтіру


Барлық желі параметрлерін әдепкі қалпына келтіруге болады.

1. Негізгі экраннан **Параметрді орнату** таңдаңыз.
2. **Әд. парам. қалп. келтіру > Желі параметрлері** параметрін таңдаңыз.
3. Хабарды тексеріп, **Иә** түймесін басыңыз.


Қағазды салу

Қағазды ұстау туралы сақтандырулар

- ❑ Қағазбен бірге берілген нұсқау парақтарын оқыңыз.
- ❑ Қағазды салмас бұрын шеттерін желпіп және тегістеп жіберіңіз. Фотоқағазды желпімеңіз немесе орамаңыз. Бұлай істеу басылатын жағын зақымдауы мүмкін.



- ❑ Егер қағаз бүктелген қалса, салудан бұрын оны жазыңыз немесе оны сәл ғана қарсы бағытта бүктеңіз. Оралған қағазда басып шығару қағаз кептелістерін және басып шығарылған материалда жағылуды тудыруы мүмкін.



- ❑ Толқынды, жыртылған, кесілген, бүгілген, ылғалды, тым қалың, тым жұқа қағазды немесе жапсырмалар жабысқан қағазды пайдаланбаңыз. Бұл қағаз түрлерін пайдалану қағаз кептелістерін және басып шығарылған материалда жағылуды тудыруы мүмкін.
- ❑ Жүктеу алдында хатқалталардың жиектерін желпіңіз және туралаңыз. Сақталған хатқалталар ауамен томпайса, жүктеу алдында тегістеу үшін басыңыз.



- ❑ Оралған немесе бүгілген хатқалталарды пайдаланбаңыз. Бұл хатқалталарды пайдалану қағаз кептелістерін және басып шығарылған материалда жағылуды тудыруы мүмкін.
- ❑ Қанаттарында желімі бар хатқалталарды немесе терезесі бар хатқалталарды қолданбаңыз.
- ❑ Тым жұқа хатқалталарды пайдаланбауға тырысыңыз, себебі олар басып шығару барысында оралуы мүмкін.

Қағазды салу

Қатысты ақпарат

→ “Принтердің техникалық сипаттамалары” бетте 174

Қолжетімді қағаз және сыйымдылықтар

Epson компаниясы жоғары сапалы баспаға қол жеткізу үшін түпнұсқалы Epson қағазын қолдануды ұсынады.

Түпнұсқалы Epson қағазы

Тасушы атауы	Өлшемі	Жүктеу сыйымдылығы (парақ)	Қолмен 2 жақты басып шығару	Жиексіз басып шығару
Epson Bright White Ink Jet Paper	A4	80*	✓	–
Epson Ultra Glossy Photo Paper	A4, 13×18 см (5×7 дюйм), 10×15 см (4×6 дюйм)	20	–	✓
Epson Premium Glossy Photo Paper	A4, 13×18 см (5×7 дюйм), 16:9 кең өлшемі (102×181 мм), 10×15 см (4×6 дюйм)	20	–	✓
Epson Premium Semigloss Photo Paper	A4, 10×15 см (4×6 дюйм)	20	–	✓
Epson Photo Paper Glossy	A4, 13×18 см (5×7 дюйм), 10×15 см (4×6 дюйм)	20	–	✓
Epson Matte Paper-Heavyweight	A4	20	–	✓
Epson Photo Quality Ink Jet Paper	A4	80	–	–

* Қолмен 2 жақты басып шығару үшін бір жағы басылып қойылған қағаз үшін 30 параққа дейін жүктеуге болады.

Ескертпе:

Қағаздың қолжетімді болуы орналасқан жеріне байланысты. Сіздің аймағыңызда қолжетімді қағаз туралы соңғы ақпарат үшін, Epson қолдау қызметіне хабарласыңыз.

Қағазды салу

Сатып алуға болатын қағаз

Тасушы атауы	Өлшемі	Жүктеу сыйымдылығы (парақ)	Қолмен 2 жақты басып шығару	Жиексіз басып шығару
Қарапайым қағаз*1	Letter*2, A4, B5*2, A5, A6*2	Жиек бағыттағышындағы үшбұрыш таңбасы көрсеткен сызыққа дейін.*3	✓	—
	Legal*2	1		
	Пайдаланушы анықтаған*2			
Хатқалта*2	Хатқалта #10, Хатқалта DL, Хатқалта C6	10	—	—

*1 Алдын ала тесілген қағаз үшін жүктеу сыйымдылығы — бір парақ.

*2 Тек компьютерден басып шығаруға болады.

*3 Қолмен 2 жақты басып шығару үшін бір жағы басылып қойылған қағаз үшін 30 параққа дейін жүктеуге болады.

Қатысты ақпарат

➔ ["Техникалық қолдау көрсету веб-торабы" бетте 184](#)

Қағаз түрлерінің тізімі

Оңтайлы басып шығару нәтижесін алу үшін қағазға сәйкес келетін қағаз түрін таңдаңыз.


Қағаз атауы	Тасушы түрі	
	Басқару тақтасы	Принтер драйвері, смарт құрылғы*2
Epson Bright White Ink Jet Paper*1	қарапайым қағаздар	қарапайым қағаздар
Epson Ultra Glossy Photo Paper*1	Ультра жылтыр	Epson Ultra Glossy
Epson Premium Glossy Photo Paper*1	Сапасы жоғары жылтыр	Epson Premium Glossy
Epson Premium Semigloss Photo Paper*1	Жоғ. сап. жар.ж.	Epson Premium Semigloss
Epson Photo Paper Glossy*1	Photo Paper Glossy	Photo Paper Glossy
Epson Matte Paper-Heavyweight*1	Matte	Epson Matte
Epson Photo Quality Ink Jet Paper*1	Matte	Epson Matte
Қарапайым қағаз*1	қарапайым қағаздар	қарапайым қағаздар
Хатқалта	Хатқалта	Хатқалта

Қағазды салу


- *1 Бұл қағаз түрлері принтер драйвері арқылы басып шығарғанда Exif Print және PRINT Image Matching екеуімен үйлесімді. Қосымша ақпарат алу үшін Exif Print немесе PRINT Image Matching үйлесімді цифрлық фотокамерамен бірге келген құжаттаманы қараңыз.
- *2 Смарт құрылғылар үшін бұл баспа материалы түрлерін Epson iPrint қолданбасын пайдаланып басып шығарғанда таңдауға болады.

Қағазды Артқа қағаз беру ішіне салу

1. Бергіш қорғағышын ашыңыз, қағаз тірегін ұзартыңыз, содан кейін оны артқа еңкейтіңіз.




2. Жиектік бағыттағышты солға сырғытыңыз.



Қағазды салу


3. Қағазды артқы қағаз беру оң жағының бойымен басылатын бетін жоғары қаратып, тігінен жүктеңіз.




! Маңызды:

Қағазды көрсетілген парақтар санынан асыра салуға болады. Кәдімгі қағаз үшін жиек бағыттағышындағы үшбұрыш таңбасы көрсеткен сызықтан асырып жүктемеңіз.

- Хатқалталар



- Тесіктері бар қағаз




Ескертпе:

- Жоғарғы немесе төменгі жағында тіркеу тесіктері жоқ бір қағаз парағын жүктеңіз.
- Тесіктің үстінен басып шығармау үшін файлдың басып шығару орнын реттеңіз.

Қағазды салу

4. Жиек бағыттағышын қағаз жиегіне сырғытыңыз, содан кейін бергіш қорғағышын жабыңыз.



5. Басқару тақтасында көрсетілген қағаз өлшемі және қағаз түрі параметрлерін тексеріңіз. Параметрлерді пайдалану үшін **Растау** параметрін ▲ немесе ▼ түймесін пайдаланып таңдаңыз, ОК түймесін басыңыз, содан кейін 7-қадамға өтіңіз. Параметрлерді өзгерту үшін **Өзгерту** параметрін ▲ немесе ▼ түймесін пайдаланып таңдаңыз, ОК түймесін басыңыз, содан кейін келесі қадамға өтіңіз.




Маңызды:

Қағаз артқы қағаз беру оң жағының бойымен жүктелмесе, қағаз орнату экраны көрсетілмейді. Басып шығаруды бастағанда қате орын алады.

Ескертпе:

- ❑ Егер тіркелген қағаз өлшемі мен қағаз түрінің параметрлері басып шығару параметрлерінен өзгеше болса, хабар көрсетіледі.



- ❑ Келесі мәзірлерде **Қағаз конфигурациясы** өшірілген болса, қағаз параметрі экраны көрсетілмейді. Мұндай жағдайда AirPrint параметрі арқылы басып шығару мүмкін емес.
Параметрді орнату > Принтер парам. орнату > Қағаз көзінің параметрі > Қағаз конфигурациясы

Қағазды салу


6. Қағаз өлшемін орнату экранында ▲ немесе ▼ түймесін пайдаланып қағаз өлшемін таңдаңыз, содан кейін ОК түймесін басыңыз. Қағаз түрін орнату экранында қағаз түрін дәл солай таңдаңыз, содан кейін ОК түймесін басыңыз. Параметрлерді растаңыз, содан соң ОК түймесін басыңыз.

Ескертпе:

Келесі мәзірлерді таңдау арқылы қағаз өлшемінің және қағаз түрінің параметрін көруге болады.

Параметрді орнату > Принтер парам. орнату > Қағаз көзінің параметрі > Қағазды орнату

7. Шығыс науасын сыртқа сырғытып, содан кейін тоқтатқышты көтеріңіз.



Ескертпе:

Қалған қағазды қаптамасына қайта салыңыз. Егер қағаз принтерде қалса, ол иілуі немесе басып шығару сапасы төмендеуі мүмкін.

Қатысты ақпарат

- ➔ [“Қағазды ұстау туралы сақтандырулар” бетте 42](#)
- ➔ [“Қолжетімді қағаз және сыйымдылықтар” бетте 43](#)


Түпнұсқаларды орналастыру

Түпнұсқаларды Сканер әйнегі үстіне қою


! **Маңызды:**

Кітаптар сияқты үлкен түпнұсқаларды қойғанда Сканер әйнегі ішіне сыртқы жарықтың тікелей түсуіне жол бермеңіз.

1. Құжат қақпағын ашыңыз.



2. Сканер әйнегі бетін шаңнан немесе дақтардан кетіріңіз.
3. Түпнұсқаны төмен қаратып қойып, бұрыш белгісіне қарай сырғытыңыз.



Ескертпе:

Сканер әйнегі төменгі жиегінен немесе оң жақ жиегінен 1,5 мм ауқымы сканерленбейді.

4. Қақпақты ақырындап жабыңыз.

! **Маңызды:**

Сканер әйнегі немесе құжаттың қақпағына тым қатты күш түсірмеңіз. Әйтпесе олар зақымдалуы мүмкін.

Түпнұсқаларды орналастыру

5. Сканерлегеннен кейін түпнұсқаларды алып тастаңыз.

Ескертпе:


Егер түпнұсқаларды Сканер әйнегі бетінде ұзақ уақыт қалдырсаңыз, түпнұсқа әйнектің бетіне жабысып қалуы мүмкін.

Әртүрлі түпнұсқаларды орнату әдісі

Көшірмесі жасалатын фотосуреттерді қою

Бөлек көшірмелер жасау үшін, бір уақытта бірнеше фотосурет қоюға болады. Фотосуреттер 30×40 мм-ден үлкен болуы қажет. Фотосуретті Сканер әйнегі құрылғысының бұрыштық белгісінен 5 мм алыс қойыңыз және фотосуреттер арасында 5 мм орын қалдырыңыз. Бір уақытта өлшемдері әртүрлі фотосуреттерді қоюға болады.

Ең көп өлшемі: 10×15 см (4×6 дюйм)




Бір уақытта сканерлеу үшін бірнеше фотосуретті қою

Epson Scan 2 бөліміндегі **Фотосурет режимі** режимі арқылы бір уақытта бірнеше фотосуретті сканерлеуге және әрбір кескінді сақтауға болады. Фотосуреттерді Сканер әйнегі құрылғының көлденең және тік жиектерінен 4,5 мм алып қойып, оларды бір бірінен кемінде 20 мм аралықта қойыңыз. Фотосуреттер 15 × 15 мм-ден үлкенірек болуы керек.



Ескертпе:

Алдын ала қарау терезесінің жоғарғы жағындағы **Пиктограмма** ұяшығына белгі қойыңыз.



Жад картасын салу

Қолдау көрсетілетін жад карталары

	<p>miniSD*</p> <p>miniSDHC*</p> <p>microSD*</p> <p>microSDHC*</p> <p>microSDXC*</p>
	<p>SD</p> <p>SDHC</p> <p>SDXC</p>

* Жад картасы ұяшығын сыйдыру үшін адаптерді бекітіңіз. Әйтпесе карта тұрып қалуы мүмкін.

Қатысты ақпарат

➔ ["Қолдау көрсетілетін жад картасының техникалық сипаттамалары" бетте 177](#)

Жад картасын салу және шығару


1. Жад картасын принтерге салыңыз.

Принтер дерекерді оқуды бастайды және жарық жыпылықтайды. Оқу аяқталған кезде жарық жыпылықтауы тоқтап, қосулы қалады.




Маңызды:

- Жад картасын принтерге тікелей салыңыз.
- Карта толығымен кірмеуі қажет. Оны ұяға күштеп салуға әрекет жасамаңыз.



Жад картасын салу

2. Жад картасын пайдалануды аяқтағанда шам жыпылықтап тұрмағанын тексеріңіз, содан кейін картаны шығарыңыз.



Маңызды:

Егер шам жыпылықтап тұрғанда жад картасын алсаңыз, жад картасындағы деректер жоғалуы мүмкін.

Ескертпе:

Жад картасына компьютерден кірсеңіз, компьютерді пайдаланып құрылғыны қауіпсіз алу керек.

Қатысты ақпарат

➔ [“Жад картасына компьютерден кіру” бетте 183](#)

Басып шығару

Басқару тақтасынан басып шығару

Жад картасынан таңдау арқылы фотосуреттерді басып шығару

1. Қағазды принтерге салыңыз.



Маңызды:

Басқару тақтасында қағаз параметрлерін орнатыңыз.

2. Жад картасын принтерге салыңыз.



Маңызды:

Басып шығаруды аяқтағанша жад картасын шығармаңыз.

3. Бастапқы экраннан **Фотосур. бас.шығ.** тармағына ◀ немесе ▶ түймесін пайдаланып кіріңіз, содан кейін ОК түймесін басыңыз.

4. ◀ немесе ▶ түймесін пайдаланып фотосуретті таңдаңыз және – немесе + түймесін пайдаланып көшірмелер санын орнатыңыз. Бірнеше фотосуретті басып шығарғанда осы процедураны қайталаңыз.

Ескертпе:

▼ түймесін басып көрсетілетін келесі мәзірлер жад картасында көп фотосуреттер болғанда фотосуреттерді оңай таңдауға көмектеседі.

Фотосуреттерді таңдау: фотосуреттерді күні бойынша сұрыптау және бір уақытта бір күннің барлық фотосуреттерін таңдау үшін **Мерзімі бойынша таңдау** мәзірін пайдаланыңыз.

Дисплей опциялары: экранда тоғыз фотосуретті көрсету үшін **Нобай** мәзірін пайдаланыңыз.

5. ▼ түймесін басып мәзірді көрсетіңіз, **Бас. шығ. параметрлері** тармағын ▲ немесе ▼ түймесін пайдаланып таңдаңыз, содан кейін ОК түймесін басыңыз.

Ескертпе:

Фотосуреттің бөлігін кесу керек болса, **Қиып алу/Масштабтау** пәрменін таңдаңыз. ▲, ▼, ◀ немесе ▶ түймесін пайдаланып жақтауды кесу керек аумаққа жылжытыңыз, содан кейін – немесе + түймесін басып жақтау өлшемін өзгертіңіз. Жақтауды бұру үшін 🏠 түймесін басыңыз.

6. ▲ немесе ▼ түймесін пайдаланып қағаз өлшемі және қағаз түрі сияқты параметр элементтерін таңдаңыз, ал ◀ немесе ▶ түймесін пайдаланып параметрлерді өзгертіңіз.

7. ⬂ түймесін басыңыз.


Басып шығару

Қатысты ақпарат

- ➔ “Қағазды Артқа қағаз беру ішіне салу” бетте 45
- ➔ “Қағаз түрлерінің тізімі” бетте 44
- ➔ “Жад картасын салу” бетте 51
- ➔ “Фотосур. бас.шығару режиміне арналған мәзір опциялары” бетте 59

Сызықтық қағазды басып шығаруға, күнтізбелерге, түпнұсқалық жазу қағазына және түпнұсқалық ашықхаттар

Сызықтық қағазды, күнтізбелерді, түпнұсқалық жазу қағазын және түпнұсқалы ашықхаттарды **Жеке пошталық қағаз** мәзірін пайдаланып оңай басып шығаруға болады.



1. Қағазды принтерге салыңыз.
2. Жад картасындағы фотосуретті пайдаланып жазу қағазын және ашықхаттарды басып шығару үшін принтерге жад картасын салыңыз.
3. Бастапқы экраннан **Қосым. функ-лар** тармағына ◀ немесе ▶ түймесін пайдаланып кіріңіз, содан соң ОК түймесін басыңыз.
4. **Жеке пошталық қағаз** тармағын ▲ немесе ▼ түймесін пайдаланып таңдаңыз, содан соң ОК түймесін басыңыз.
5. ▲ немесе ▼ түймесін пайдаланып мәзір элементін таңдаңыз, содан кейін ОК түймесін басыңыз.

Ескертпе:

*Ашықхаттарды басып шығарғанда жад картасындағы фотосуретті пайдаланудың орнына принтерде сақталған кескінді қосуға болады. Принтерде сақталған кескінді қосу үшін **Үлгі суреті** параметрін таңдаңыз.*

6. Басып шығару үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Басып шығару

Қатысты ақпарат

- ➔ “Қағазды Артқа қағаз беру ішіне салу” бетте 45
- ➔ “Қағаз түрлерінің тізімі” бетте 44
- ➔ “Жад картасын салу” бетте 51
- ➔ “Сызықтық қағазды басып шығаруға, күнтізбелерге, түпнұсқалық жазу қағазына және түпнұсқалық ашықхаттарға арналған мәзір опциялары” бетте 55
- ➔ “Фотосур. бас.шығару режиміне арналған мәзір опциялары” бетте 59

Сызықтық қағазды басып шығаруға, күнтізбелерге, түпнұсқалық жазу қағазына және түпнұсқалық ашықхаттарға арналған мәзір опциялары

Сызықты қағаздар:

Сызықты қағаздың, график қағазының немесе музыка қағазының кейбір түрлерін басып шығарады.

Жазу қағаздары:

Жазу қағазының кейбір түрлерін жад картасындағы фотосуретті фон ретінде орнатып басып шығарады. Фотосурет ашық, үстінде жазу оңай болатындай басып шығарылады.

Күнтізбе:

Апталық немесе айлық күнтізбені басып шығарады. Айлық күнтізбеге арналған жылды және айды таңдаңыз.

Хабар картасы:

Принтердегі кескіндерді немесе жад картасындағы кескіндерді пайдаланып ашықхатты басып шығарады.

Кескін күйі

Кескінді ашықхаттың қай жеріне орналастыру керектігін таңдаңыз.

Сызық түрі

Ашықхатта басатын сызық түрін таңдаңыз.

Сызық түсі


Ашықхатта басатын сызық түсін таңдаңыз.

Түпнұсқалық хатқалталарды басып шығару

Жеке пошталық қағаз мәзірін пайдаланып принтерде сақталған кескінді қосу арқылы түпнұсқалық хатқалталарды жасауға болады. Хатқалталарға сәйкес ашықхаттарды басып шығару үшін бірдей кескінді пайдалануға болады.

Басып шығару

Алдымен А4 өлшемді қағазда хатқалтаның диаграммасын басып шығарыңыз, содан кейін хатқалта жасау үшін оны бүгіңіз.



1. Бастапқы экраннан **Қосым. функ-лар** тармағына ◀ немесе ▶ түймесін пайдаланып кіріңіз, содан кейін ОК түймесін басыңыз.
2. **Жеке пошталық қағаз** тармағын ▲ немесе ▼ түймесін пайдаланып таңдаңыз, содан кейін ОК түймесін басыңыз.
3. **Оригами** тармағын ▲ немесе ▼ түймесін пайдаланып таңдаңыз, содан кейін ОК түймесін басыңыз.
4. **Оригами хатқалтасы** тармағын ▲ немесе ▼ түймесін пайдаланып таңдаңыз, содан кейін ОК түймесін басыңыз.
5. ◀ немесе ▶ түймесін пайдаланып хатқалталарда басып шығару керек кескінді таңдаңыз, содан кейін ОК түймесін басыңыз.
Кескінді басып шығару орнын және бүгу сызықтарын басып шығару қажеттілігі көрсетілген экран көрсетіледі.
6. Кескіннің орны және бүгу сызығы параметрін өзгерту үшін ▼ түймесін басып параметрлер экранын көрсетіңіз және параметрлерді өзгертіңіз.
7. Параметрлерді орнатуды аяқтағаннан кейін ↻ түймесін басып параметрді растау экранына оралыңыз, содан кейін ОК түймесін басыңыз.
8. ◀ немесе ▶ түймесін пайдаланып хатқалталардың өлшемін таңдаңыз, содан кейін ОК түймесін басыңыз.
9. Принтерге А4 кәдімгі қағазын жүктеңіз, содан кейін ОК түймесін басыңыз.
10. – немесе + түймесін пайдаланып көшірмелер санын орнатыңыз, содан кейін ⬠ түймесін басыңыз.

Қатысты ақпарат

➔ [“Қағазды Артқа қағаз беру ішіне салу” бетте 45](#)


Басып шығару

Бүгілетін хатқалталар

Хатқалтаның диаграммасын басып шығарудан кейін хатқалтаны бүгу әдісін көрсететін нұсқаулар парағын басып шығарыңыз, содан кейін нұсқаулар парағын диаграмманың жоғарғы жағына қойып, бүгіңіз.

1. **Оригами** мәзірін **Оригами хатқалтасы нұсқ.** тармағын таңдаңыз да, ОК түймесін басыңыз.
2. ◀ және ▶ түймелерін пайдаланып хатқалтаны басып шығару үшін таңдаған хатқалта өлшемін таңдаңыз, содан кейін ОК түймесін басыңыз.
3. Принтерге А4 кәдімгі қағазын жүктеңіз, содан кейін ОК түймесін басыңыз.
4. – немесе + түймесін пайдаланып көшірмелер санын орнатыңыз, содан кейін ◊ түймесін басыңыз.

Төмендегі нұсқаулар парағы басып шығарылады.



5. Нұсқаулар парағын хатқалта диаграммасының жоғарғы жағына қойыңыз, содан кейін нұсқаулар парағындағы нұсқауларды орындап бүгіп біріктіріңіз.
6. Аяқтағанда, оны ашыңыз және нұсқаулар парағын алыңыз, содан кейін тек хатқалта диаграммасын бүгілулер бойымен қайтадан бүгіңіз.

Әртүрлі орналасуларда басып шығару

Жад картасындағы фотосуреттерді 2-лік орналасу, 4-тік орналасу және жоғарғы жарты сияқты әртүрлі орналасуларда басып шығаруға болады.

Басып шығару

Ескертпе:

Осы мүмкіндікпен басып шығарғанда басып шығару жылдамдығы баяулауы мүмкін.



Бастапқы экраннан **Қосым. функ-лар** тармағына ◀ немесе ▶ түймесін пайдаланып кіріңіз, содан кейін ОК түймесін басыңыз. **Фотосурет макетінің парағы** тармағын ▲ немесе ▼ түймесін пайдаланып таңдаңыз, содан кейін ОК түймесін басыңыз. Басып шығару үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Қатысты ақпарат

➔ [“Фотосур. бас.шығару режиміне арналған мәзір опциялары” бетте 59](#)

Слайд-шоудан басып шығару

Жад картасындағы фотосуреттердің слайд-шоуын іске қосып, содан кейін слайд-шоудағы фотосуреттерді басып шығаруға болады.



Бастапқы экраннан **Қосым. функ-лар** тармағына ◀ немесе ▶ түймесін пайдаланып кіріңіз, содан кейін ОК түймесін басыңыз. **Слайд көрсетілімі** тармағын ▲ немесе ▼ түймесін пайдаланып таңдаңыз, содан кейін слайд-шоуды іске қосу үшін ОК түймесін басыңыз. Слайд-шоуды кідірту үшін ▼ түймесін басыңыз және қайта бастау үшін оны қайта басыңыз. Фотосуретті басып шығару үшін ОК түймесін басыңыз. Реттеу мәзірі элементтері **Фотосур. бас.шығару** режимінде көрсетілгенмен бірдей.

Қатысты ақпарат

➔ [“Жад картасынан таңдау арқылы фотосуреттерді басып шығару” бетте 53](#)

➔ [“Фотосур. бас.шығару режиміне арналған мәзір опциялары” бетте 59](#)

DPOF басып шығару

Бұл принтер DPOF (Digital Print Order Format) 1.10 нұсқасымен үйлесімді. DPOF — күн, уақыт, пайдаланушы аты және басып шығару туралы ақпарат сияқты фотосуреттер туралы қосымша ақпаратты сақтайтын пішім. DPOF үйлесімді камералар жад картасындағы қай кескінді басып шығару керек екенін және көшірмелер санын орнатуға мүмкіндік береді. Принтерге жад картасы салынғанда, камера арқылы таңдалған фотосуреттер басып шығарылады.

Ескертпе:

Камерада басып шығару параметрлерін орнату туралы ақпарат алу үшін камерамен бірге берілген құжаттаманы қараңыз.

Принтерге жад картасын салғанда растау экраны көрсетіледі. ▲ немесе **Иә** түймесін пайдаланып ▼ жауабын таңдаңыз, содан кейін басып шығаруды бастау экранын көрсету үшін ОК түймесін басыңыз. Басып шығаруды бастау үшін ◊ түймесін басыңыз. Басып шығару параметрлерін өзгерту үшін ▼ түймесін басыңыз. Реттеу элементтері **Фотосур. бас.шығару** режиміндегімен бірдей.

Қатысты ақпарат

➔ [“Жад картасынан таңдау арқылы фотосуреттерді басып шығару” бетте 53](#)

➔ [“Фотосур. бас.шығару режиміне арналған мәзір опциялары” бетте 59](#)

Фотосур. бас.шығару режиміне арналған мәзір опциялары

Фотосуреттерді таңдау

- Мерзімі бойынша таңдау

Жад картасындағы фотосуреттерді күні бойынша сұрыпталған түрде көрсетеді. Бірдей күні бар барлық фотосуреттерді бір уақытта басып шығаруға болады.

- Фотосур.таңдауды болд.

Барлық фотосуреттер басып шығаруларының санын 0-ге (нөл) қайтарады.

Дисплей опциялары

- Ақпараты бар 1 фотосур.

Экранда бір фотосуретті көрсетеді. Сондай-ақ, масштабтау сияқты параметрлер туралы ақпарат көрсетіледі.

- 1 фотосурет

Экранда бір фотосуретті көрсетеді. Масштабтау сияқты параметрлер туралы ақпарат көрсетілмейді.

- Нобай

Экранда тоғыз фотосуретті көрсетеді.

Бас. шығ. параметрлері

- Қағаз көлемі

Жүктелген қағаз өлшемін таңдаңыз.

Басып шығару

Қағаз түрі

Жүктелген қағаз түрін таңдаңыз.

Шекарасыз

Жиектердің айналасында жақтауларсыз басып шығару үшін **Шекарасыз** параметрін таңдаңыз. Кескін қағаз жиектерінен жиектерді кетіру үшін азғантай үлкейтіледі. Жиектердің айналасында жақтаулармен басып шығару үшін **Шекарамен** параметрін таңдаңыз.

Сапа

Басып шығару сапасын таңдаңыз. **Жоғары сапалы** сапасын таңдау жоғары сапалы басып шығаруды қамтамасыз етеді, бірақ басып шығару жылдамдығы баяулауы мүмкін.

Қызыл көз әс-н түзету

Фотосуреттердегі қызыл көзді түзетеді. Түзетулер түпнұсқа файлына емес, тек баспаларға қолданылады. Фотосуреттің түріне байланысты кескіннің көзден басқа бөліктері түзетілуі мүмкін.

Қиып алу/Масштаптау

Басылатын фотосуреттің бөлігін үлкейтеді.

Топты таңдау

Жад картасында 1000 немесе одан көп фотосурет болса, фотосуреттер ең көбісі 999 фотосуретті қамтитын топтарға автоматты түрде бөлінеді. Көрсетілетін топты таңдаңыз.

Компьютерден басып шығару

Басып шығару негіздері — Windows

Ескертпе:

- Орнату элементтерінің түсіндірмелері үшін желілік анықтаманы қараңыз. Элементті тінтуірдің оң жақ түймесімен басып, **Анықтама** түймесін басыңыз.*
- Әрекеттер қолданбаға байланысты өзгеріп отырады. Мәліметтер алу үшін қолданбаның анықтамасын қараңыз.*

1. Қағазды принтерге салыңыз.




Маңызды:

Басқару тақтасында қағаз параметрлерін орнатыңыз.

2. Басып шығарғыңыз келген файлды ашыңыз.
3. **Файл** мәзірінен **Басып шығару** немесе **Басып шығаруды реттеу** пәрменін таңдаңыз.
4. Принтеріңізді таңдаңыз.

Басып шығару

5. Принтердің драйвер терезесіне кіру үшін **Параметрлер** немесе **Сипаттар** опциясын таңдаңыз.



6. Келесі параметрлерді реттеңіз.

Құжат өлшемі: Принтерге салған қағаз өлшемін таңдаңыз.

Жиіксіз: Кескін айналасында жиіксіз басып шығару үшін таңдаңыз.

Жиіксіз басып шығару параметрінде басып шығару деректері қағаз шеттерінің айналасында ешқандай жиіктер басылмайтындай қағаз өлшемінен аздап үлкейеді. Ұлғайту мөлшерін таңдау үшін **Параметрлер** тармағын басыңыз.

Бағдар: Қолданбада орнатқан бағытты таңдаңыз.

Қағаз түрі: Салынған қағаз түрін таңдаңыз.

Сапасы: Басып шығару сапасын таңдаңыз.

Жоғары сапасын таңдау жоғары сапалы басып шығаруды қамтамасыз етеді, бірақ басып шығару жылдамдығы баяулауы мүмкін.

Түс: Қара немесе сұр түс реңктерімен басып шығарғыңыз келсе, **Сұр реңк** опциясын таңдаңыз.

Ескертпе:

Хатқалталарда басып шығарған кезде **Альбомдық** опциясын **Бағдар** параметрі ретінде таңдаңыз.

7. Принтер драйверінің терезесін жабу үшін **ОК** түймесін басыңыз.

8. **Басып шығару** түймесін басыңыз.

Қатысты ақпарат

➔ ["Қолжетімді қағаз және сыйымдылықтар" бетте 43](#)

Басып шығару

- ➔ “Қағазды Артқа қағаз беру ішіне салу” бетте 45
- ➔ “Windows принтер драйверінің нұсқаулығы” бетте 130
- ➔ “Қағаз түрлерінің тізімі” бетте 44


Басып шығару негіздері — Mac OS

Ескертпе:

Бөлімдегі түсіндірмелер мысал ретінде TextEdit пайдаланады. Әрекеттер мен экрандар қолданбаға байланысты басқаша болуы мүмкін. Мәліметтер алу үшін қолданбаның анықтамасын қараңыз.

1. Қағазды принтерге салыңыз.
2. Басып шығарғыңыз келген файлды ашыңыз.
3. Басып шығару диалогтық терезесіне кіру үшін, **Файл** мәзірінен **Басып шығару** пәрменін немесе басқа пәрменді таңдаңыз.

Егер қажет болса, басып шығару терезесін кеңейту үшін **Мәліметтерді көрсету** немесе ▼ түймесін басыңыз.



4. Келесі параметрлерді реттеңіз.
 - Принтер: принтеріңізді таңдаңыз.
 - Алдын ала орнатылған параметрлер: тіркелген параметрлерді пайдаланғыңыз келген кезде таңдаңыз.
 - Қағаз өлшемі: принтерге салған қағаз өлшемін таңдаңыз.
Жиектерсіз басып шығарған кезде «жиексіз» қағаз өлшемін таңдаңыз.
 - Бағыт: қолданбада орнатқан бағытты таңдаңыз.

Басып шығару

Ескертпе:

- Егер жоғарыдағы параметр мәзірлері көрсетілмесе, басып шығару терезесін жауып, **Бетті орнату** тармағын **Файл** мәзірінен таңдап, реттеулер жасаңыз.
- Хатқалталарда басып шығарғанда альбомдық бағдарды таңдаңыз.

5. Қалқымалы мәзірден **Принтер параметрлері** опциясын таңдаңыз.

Ескертпе:

OS X Mountain Lion немесе кейінгі нұсқасында **Принтер параметрлері** мәзірі көрсетілмесе, Epson принтерінің жетегі дұрыс емес орнатылған.

 > **Принтерлер және сканерлер** (немесе **Басып шығару және сканерлеу, Басып шығару және факс**) мәзірінен **Жүйе параметрлері** таңдаңыз, принтерді алыңыз, содан кейін принтерді қайта қосыңыз. Келесі веб-сайтқа кіріп, өнім атауын енгізіңіз. **Қолдау** бөліміне өтіп, кеңестерді қараңыз.

<http://epson.sn>

6. Келесі параметрлерді реттеңіз.

- Тасушы түрі: салынған қағаз түрін таңдаңыз.
- Print Quality: басып шығару сапасын таңдаңыз.

Анық сапасын таңдау жоғары сапалы басып шығаруды қамтамасыз етеді, бірақ басып шығару жылдамдығы баяулауы мүмкін.

- Кеңейту: жиексіз қағаз өлшемін таңдаған кезде қолжетімді.

Жиексіз басып шығару параметрінде басып шығару деректері қағаз шеттерінің айналасында ешқандай жиектер басылмайтындай қағаз өлшемінен аздап үлкейеді. Үлкейту көлемін таңдаңыз.

Басып шығару

- ❑ Сұр реңк: қара және сұр түс реңктерімен басып шығару үшін таңдаңыз.


7. Басып шығару түймесін басыңыз.

Қатысты ақпарат

- ➔ “Қолжетімді қағаз және сыйымдылықтар” бетте 43
- ➔ “Қағазды Артқа қағаз беру ішіне салу” бетте 45
- ➔ “Mac OS принтер драйверінің нұсқаулығы” бетте 133
- ➔ “Қағаз түрлерінің тізімі” бетте 44

2 жақта басып шығару (тек Windows үшін)

Принтер драйвері жұп беттерді және тақ беттерді бөліп, автоматты түрде басып шығарады. Принтер тақ беттерді басып шығаруды аяқтағанда жұп беттерді басып шығару нұсқауларын орындап, қағазды аударыңыз. Оған қоса, баспаны бүктеу арқылы жасалатын кітапша басып шығаруға болады.



Ескертпе:

- ❑ Бұл мүмкіндік жиексіз басып шығару үшін қол жеткізгісіз.
- ❑ 2 жақты басып шығару үшін жарамды қағазды пайдаланбаңыз, басып шығару сапасы төмендеуі және қағаз кептелістері орын алуы мүмкін.
- ❑ Қағазға және деректерге байланысты қағаздың екінші жағынан сия ағуы мүмкін.
- ❑ Егер **EPSON Status Monitor 3** өшірілген босла, принтер драйверіне қатынасыңыз, **Кеңейтілген параметрлер** қойындысында **Қызмет көрсету** түймесін басыңыз, содан кейін **EPSON Status Monitor 3** қосу қызметтік бағдарламасын таңдаңыз.
- ❑ 2 жақты басып шығару принтерге желі арқылы қатынасқанда немесе ортақ принтер ретінде пайдаланған кезде қол жетімді болмауы мүмкін.

1. Қағазды принтерге салыңыз.
2. Басып шығарғыңыз келген файлды ашыңыз.
3. Принтер драйверінің терезесіне өтіңіз.

Басып шығару

4. **Қолмен (ұзын шеті бойынша байланыстыру)** немесе **Қолмен (қысқа шеті бойынша байланыстыру)** параметрін **Басты** қойындысындағы **Екі жақты басып шығару** мәзірінен таңдаңыз.

5. **Параметрлер** түймесін басыңыз, тиісті параметрлерді орнатыңыз да, **ОК** түймесін басыңыз.

Ескертпе:

*Кітапшаны басып шығару үшін **Кітапша** параметрін таңдаңыз.*

6. **Басты** және **Қосымша опциялар** қойындыларындағы басқа элементтерді орнатыңыз да, **ОК** түймесін басыңыз.

7. **Басып шығару** түймесін басыңыз.


Бірінші жақ басып шығарылғанда компьютерде қалқымалы терезе көрсетіледі. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Қатысты ақпарат

- ➔ “Қолжетімді қағаз және сыйымдылықтар” бетте 43
- ➔ “Қағазды Артқа қағаз беру ішіне салу” бетте 45
- ➔ “Басып шығару негіздері — Windows” бетте 60

Бір парақта бірнеше бетті басып шығару

Деректердің екі немесе төрт бетін бір парақ қағазда басып шығаруға болады.



Бір парақта бірнеше бетті басып шығару - Windows

Ескертпе:

Бұл мүмкіндік жиексіз басып шығару үшін қол жеткізгісіз.

1. Қағазды принтерге салыңыз.
2. Басып шығарғыңыз келген файлды ашыңыз.
3. Принтер драйверінің терезесіне өтіңіз.

Басып шығару

4. **Бұрылыс** немесе **1-ге 4** режимін **Көп бетті** параметрі ретінде **Басты** қойындысынан таңдаңыз.
5. **Басып шығару реті** түймесін басып, тиісті параметрлерді орнатыңыз да, терезені жабу үшін **OK** түймесін басыңыз.
6. **Басты** және **Қосымша опциялар** қойындыларындағы басқа элементтерді орнатыңыз да, **OK** түймесін басыңыз.
7. **Басып шығару** түймесін басыңыз.

Қатысты ақпарат

- ➔ “Қағазды Артқа қағаз беру ішіне салу” бетте 45
- ➔ “Басып шығару негіздері — Windows” бетте 60

Бір парақта бірнеше бетті басып шығару — Mac OS

1. Қағазды принтерге салыңыз.
2. Басып шығарғыңыз келген файлды ашыңыз.
3. Басып шығару диалогтық терезесіне кіріңіз.
4. Ашылмалы мәзірден **Орналасу** параметрін таңдаңыз.
5. **Әр парақтағы беттер** ішінен беттер санын, **Орналасу бағыты** (бет реті) және **Жиектер** орнатыңыз.
6. Қажетінше басқа элементтерді орнатыңыз.
7. **Басып шығару** түймесін басыңыз.

Қатысты ақпарат

- ➔ “Қағазды Артқа қағаз беру ішіне салу” бетте 45
- ➔ “Басып шығару негіздері — Mac OS” бетте 62

Басып шығару

Қағаз өлшеміне қиыстыру үшін басып шығару

Принтерге салған қағаз өлшеміне қиыстыру үшін басып шығаруға болады.



Қағаз өлшеміне қиыстыру үшін басып шығару - Windows

Ескертпе:

Бұл мүмкіндік жиексіз басып шығару үшін қол жеткізгісіз.

1. Қағазды принтерге салыңыз.
2. Басып шығарғыңыз келген файлды ашыңыз.
3. Принтер драйверінің терезесіне өтіңіз.
4. **Қосымша опциялар** қойындысындағы келесі параметрлерді орнатыңыз.
 - Құжат өлшемі: Қолданбада орнатқан қағаз өлшемін таңдаңыз.
 - Шығыс қағазы: Принтерге салған қағаз өлшемін таңдаңыз.**Бетке қиыстыру** автоматты түрде таңдалады.

Ескертпе:

*Егер беттің ортасына кішірейтілген сурет басып шығарғыңыз келсе, **Ортада** параметрін таңдаңыз.*

5. **Басты** және **Қосымша опциялар** қойындыларындағы басқа элементтерді орнатыңыз да, **ОК** түймесін басыңыз.
6. **Басып шығару** түймесін басыңыз.

Қатысты ақпарат

- ➔ "Қағазды Артқа қағаз беру ішіне салу" бетте 45
- ➔ "Басып шығару негіздері — Windows" бетте 60

Қағаз өлшеміне қиыстыру үшін басып шығару — Mac OS

1. Қағазды принтерге салыңыз.
2. Басып шығарғыңыз келген файлды ашыңыз.

Басып шығару


3. Басып шығару диалогтық терезесіне кіріңіз.
4. Қолданбада **Қағаз өлшемі** параметрі ретінде орнатқан қағаз өлшемін таңдаңыз.
5. Ашылмалы мәзірден **Қағазбен жұмыс істеу** параметрін таңдаңыз.
6. **Қағаз өлшеміне қиыстыру үшін масштабтау** параметрін таңдаңыз.
7. **Мақсатты қағаз өлшемі** параметрі ретінде принтерге салынған қағаз өлшемін таңдаңыз.
8. Қажетінше басқа элементтерді орнатыңыз.
9. **Басып шығару** түймесін басыңыз.

Қатысты ақпарат

- ➔ "Қағазды Артқа қағаз беру ішіне салу" бетте 45
- ➔ "Басып шығару негіздері — Mac OS" бетте 62

Бірнеше файлды бірге басып шығару (тек Windows үшін)

Тапсырмаларды оңай реттеуіші сізге әртүрлі қолданбалар арқылы жасалған бірнеше файлды біріктіруге және оларды жалғыз баспа тапсырмасы ретінде басып шығаруға мүмкіндік береді. Біріктірілген файлдар үшін орналасу, басып шығару реті және бағыты сияқты басып шығару параметрлерін орнатуға болады.



1. Қағазды принтерге салыңыз.
2. Басып шығарғыңыз келген файлды ашыңыз.
3. Принтер драйверінің терезесіне өтіңіз.
4. **Тапсырмаларды оңай реттеуіші** қойындысындағы **Басты** параметрін таңдаңыз.
5. Принтер драйверінің терезесін жабу үшін **ОК** түймесін басыңыз.
6. **Басып шығару** түймесін басыңыз.

Тапсырмаларды оңай реттеуіші терезесі бейнеленеді және баспа тапсырмасы **Жобаны басып шығару** ішіне қосылады.

Басып шығару

7. **Тапсырмаларды оңай реттеуіші** терезесі ашылған кезде, ағымдағы файлмен біріктіргіңіз келген файлды ашыңыз да, 3–6 қадамдарын қайталаңыз.

Ескертпе:

- ❑ Егер **Тапсырмаларды оңай реттеуіші** терезесін жапсаңыз, сақталмаған **Жобаны басып шығару** жойылады. Кейінірек басып шығару үшін **Сақтау** параметрін **Файл** мәзірінен таңдаңыз.
- ❑ **Жобаны басып шығару** ішінде сақталған **Тапсырмаларды оңай реттеуіші** ашу үшін принтер драйверінің **Тапсырмаларды оңай реттеуіші** қойындысындағы **Қызмет көрсету** түймесін басыңыз. Келесі, файлды таңдау үшін **Ашу** мәзірінен **Файл** параметрін таңдаңыз. Сақталған файлдардың кеңейтімі — ".edf".

8. **Үлгі** қажетінше өңдеу үшін **Өңдеу** және **Тапсырмаларды оңай реттеуіші** мәзірлерін **Жобаны басып шығару** ішінде таңдаңыз. Мәліметтер үшін **Тапсырмаларды оңай реттеуіші** анықтамасын қараңыз.


9. **Басып шығару** мәзірінен **Файл** таңдаңыз.

Қатысты ақпарат

- ➔ "Қағазды Артқа қағаз беру ішіне салу" бетте 45
- ➔ "Басып шығару негіздері — Windows" бетте 60

Плакат жасау үшін бірнеше параққа бір суретті басып шығару (тек Windows үшін)

Бұл мүмкіндік бір суретті қағаздың бірнеше парағына басып шығаруға мүмкіндік береді. Оларды бірге басу арқылы үлкен плакат жасауға болады.



Ескертпе:

Бұл мүмкіндік жиексіз басып шығаруға жарамсыз.

1. Қағазды принтерге салыңыз.
2. Басып шығарғыңыз келген файлды ашыңыз.
3. Принтер драйверінің терезесіне өтіңіз.
4. **Постер 2x1, Постер 2x2, Постер 3x3** немесе **Постер 4x4** параметрін **Басты** қойындысындағы **Көп бетті** мәзірінен таңдаңыз.

Басып шығару

5. **Параметрлер** басып, сәйкес параметрлерді орнатыңыз, содан кейін **ОК** түймесін басыңыз.

Ескертпе:

Бағыттауыштарды басып шығару кесу үлгісін басып шығаруға мүмкіндік береді.

6. **Басты** және **Қосымша опциялар** қойындыларындағы басқа элементтерді орнатыңыз да, **ОК** түймесін басыңыз.

7. **Басып шығару** түймесін басыңыз.


Қатысты ақпарат

→ “Қағазды Артқа қағаз беру ішіне салу” бетте 45

→ “Басып шығару негіздері — Windows” бетте 60


Қабаттастыру және туралау белгілері көмегімен плакаттар жасау

Мына жерде **Постер 2x2** таңдалғанда, and **Қабаттастыру және туралау белгілері** опциясын **Бағыттауыштарды басып шығару** ішінен таңдалған кезде плакат жасау әдісінің мысалы берілген.




Басып шығару

1. Sheet 1 және Sheet 2 дайындаңыз. Sheet 1 шеттерін тік көк сызықпен жоғарғы және төменгі айқас белгілердің ортасының бойымен кесіңіз.




2. Sheet 1 жиегін Sheet 2 үстіне қойыңыз және айқас белгілерді туралаңыз, одан кейін екі парақты бірге артқы жағынан таспамен уақытша бекітіңіз.




Басып шығару

3. Таспамен бекітілген парақтарды екі тік қызыл сызықты бойлай туралау көрсеткіштері бойынша кесіңіз (бұл жолы айқас белгілердің сол жағындағы сызық).




4. Парақтарды артқы жағынан жабыстырыңыз.




5. Sheet 3 және Sheet 4 бірге таспамен бекіту үшін 1-4 қадамдарды қайталаңыз.

Басып шығару

6. Sheet 1 және Sheet 2 шеттерін көлденең көк сызықпен сол жақтағы және оң жақтағы айқас белгілердің ортасының бойымен кесіңіз.



7. Sheet 1 және Sheet 2 жиектерін Sheet 3 пен Sheet 4 үстіне қойып, айқас белгілерді туралаңыз да, оларды бірге артқы жағынан таспамен уақытша бекітіңіз.




Басып шығару

8. Таспамен бекітілген парақтарды екі тік қызыл сызықты бойлай туралау көрсеткіштері бойынша кесіңіз (бұл жолы айқас белгілердің үстіндегі сызық).




9. Парақтарды артқы жағынан жабыстырыңыз.



Басып шығару

10. Қалған шеттерін сыртқы бағыттауышты бойлай кесіңіз.



Қосымша функциялардың көмегімен басып шығару

Бұл бөлім принтер драйверіндегі қол жетімді әртүрлі қосымша құрылымды және басып шығару функцияларын ұсынады.

Қатысты ақпарат

- ➔ [“Windows Принтер драйвері” бетте 129](#)
- ➔ [“Mac OS Принтер драйвері” бетте 132](#)

Оңай басып шығару үшін басып шығару алдын ала орнатымын қосу

Егер принтер драйверінде жиі қолданылатын басып шығару параметрлерінің жеке алдын ала орнатуын жасасаңыз, тізімнен алдын ала орнатуды таңдау арқылы оңай басып шығаруға болады.

Басып шығару

Windows

Жеке алдын ала орнатуыңызды қосу үшін **Құжат өлшемі** және **Қағаз түрі** сияқты элементтерді **Басты** немесе **Қосымша опциялар** қойындысында орнатыңыз, одан кейін **Алдын ала орнатуларды қосу/жою** опциясын **Бәрін басып шығару** арқылы таңдаңыз.

Ескертпе:

*Қосылған алдын ала орнатымды жою үшін **Алдын ала орнатуларды қосу/жою** түймесін басыңыз, тізімнен жою керек алдын ала орнатым атауын таңдаңыз, содан кейін жойыңыз.*

Mac OS

Басып шығару диалогтық терезесіне кіріңіз. Жеке алдын ала орнатылған параметрді қосу үшін, **Қағаз өлшемі** және **Тасушы түрі** сияқты элементтерді орнатыңыз, содан кейін ағымдағы параметрлерді **Алдын ала орнатулар** параметрінде алдын ала орнатылған ретінде сақтаңыз.

Ескертпе:

*Қосылған алдын ала орнатуды жою үшін, **Алдын ала орнатулар** > **Алдын ала орнатуларды көрсету** тармағын басыңыз, тізімнен жою керек алдын ала орнату атауын таңдаңыз, содан кейін жойыңыз.*

Кішірейтілген немесе үлкейтілген құжатты басып шығару

Құжаттың өлшемін белгілі бір пайызға кішірейтуге немесе үлкейтуге болады.

Windows

Ескертпе:

Бұл мүмкіндік жиексіз басып шығаруға жарамсыз.

Құжат өлшемі қойындысындағы **Қосымша опциялар** параметрін орнатыңыз. **Құжатты кішірейту/үлкейту**, **Масштаб** параметрін таңдаңыз да, пайызды енгізіңіз.

Mac OS

Ескертпе:

Әрекеттер қолданбаға байланысты өзгеріп отырады. Мәліметтер алу үшін қолданбаның анықтамасын қараңыз.

Файл мәзірінен **Бетті орнату** (немесе **Басып шығару**) тармағын таңдаңыз. **Пішімі** тармағынан принтерді таңдаңыз, қағаз өлшемін таңдап, **Шкала** тармағына пайыздық шаманы енгізіңіз. Терезені жабыңыз, содан кейін келесі негізгі басып шығару туралы нұсқауларды орындаңыз.

Басып шығару түсін реттеу

Баспа тапсырмасында пайдаланылатын түстерді реттеуге болады.

PhotoEnhance бастапқы кескін деректерінің контрастын, қанықтығын және жарықтығын автоматты реттеу арқылы анығырақ кескіндер мен қанығырақ түстер жасайды.

Басып шығару

Ескертпе:

- ❑ Бұл реттеулер бастапқы деректерге қолданылмайды.
- ❑ **PhotoEnhance** режимі түсті нысанның орнын талдау арқылы реттейді. Сондықтан егер нысанның орнын кескінді кішірейту, үлкейту, қиып алу немесе бұру арқылы өзгертсеңіз, түстің кенеттен өзгеруі мүмкін. Жиісіз параметрді таңдау нысанның орнын да өзгертіп, нәтижесінде түсті өзгертеді. Егер кескін фокустан тыс болса, реңкінің табиғи болмауы мүмкін. Егер түсі өзгерсе немесе табиғи емес болса, онда **PhotoEnhance** режимінен басқа режимде басып шығарыңыз.

Windows

Қосымша опциялар қойындысындағы **Түсті түзету** опциясынан түсті түзету әдісін таңдаңыз.


Автоматты опциясын таңдасаңыз, қағаз түрі мен басып шығару сапасының параметрлерін сәйкестендіру үшін, түстер автоматты түрде реттеледі. **Өзгертпелі** таңдап, **Жетілдірілген** бассаңыз, өз реттеулеріңізді жасай аласыз.

Mac OS

Басып шығару диалогтық терезесіне кіріңіз. Ашылмалы мәзірден **Түсті сәйкестендіру** пәрменін таңдаңыз, содан кейін **EPSON Color Controls** таңдаңыз. Ашылмалы мәзірден **Color Options** таңдаңыз, содан кейін қолжетімді опциялардың бірін таңдаңыз. **Кеңейтілген баптаулар** қасындағы көрсеткіні басыңыз және тиісті параметрлерді реттеңіз.

Су белгісін басып шығару (тек Windows үшін)

Баспаларыңызда «Құпия» сияқты су таңбаны басып шығаруға болады. Оған қоса жеке су таңбаныңды қосуға болады.



Ескертпе:

Бұл мүмкіндік жиісіз басып шығаруда қолжетімді емес.

Қосымша опциялар қойындысынан **Су таңбасы мүмкіндіктері** опциясын таңдаңыз да, су таңбасын таңдаңыз. Су таңбаның тығыздығы және орны сияқты мәліметтерді өзгерту үшін **Параметрлер** түймесін басыңыз.

Үстіңгі және төменгі деректеме басып шығару (тек Windows үшін)

Үстіңгі немесе төменгі деректеме ретінде пайдаланушы аты және басып шығару күні сияқты ақпаратты басып шығаруға болады.

Су таңбасы мүмкіндіктері опциясын **Қосымша опциялар** қойындысынан таңдаңыз да, **Деректер атаулары** таңдаңыз. **Параметрлер** түймесін басып, ашылмалы тізімнен қажетті элементтерді таңдаңыз.

Epson Easy Photo Print параметрі арқылы фотосуреттерді басып шығару

Epson Easy Photo Print арқылы басып шығару фотосуреттерді әртүрлі қағаз үстіне оңай орналастыруға және басып шығаруға мүмкіндік береді. Мәліметтер алу үшін қолданбаның анықтамасын қараңыз.

Ескертпе:

- Түпнұсқалық Epson фотоқағазында басып шығару арқылы сияның сапасы барынша арттырылады және басылған материалдар қанығырақ және анығырақ болады.
- Коммерциялық қолданбаны пайдаланып жиексіз басып шығаруды орындау үшін төмендегі параметрлерді орнатыңыз.
 - Қағаз өлшеміне толығымен сыятын кескін деректерін жасаңыз және пайдаланып жатқан қолданбада шет параметрі қол жетімді болса, шетті 0 мм-ге орнатыңыз.
 - Принтер драйверінде жиексіз басып шығару параметрін қосыңыз.

Қатысты ақпарат

- ➔ [“Epson Easy Photo Print” бетте 136](#)
- ➔ [“Қолданбаларды орнату” бетте 140](#)

Смарт құрылғылардан басып шығару

Epson iPrint пайдалану

Epson iPrint — фотосуреттерді, құжаттарды және веб-беттерді смартфон немесе планшет сияқты интеллектуалды құрылғыдан басып шығаруға мүмкіндік беретін қолданба. Жергілікті басып шығаруды, принтермен бірдей сымсыз желіге қосылған смарт құрылғыдан басып шығаруды не қашықтан басып шығаруды, интернет арқылы қашықтағы орыннан басып шығаруды пайдалануға болады. Қашықтықтан басып шығару мүмкіндігін пайдалану үшін, принтерді Epson Connect қызметіне тіркеңіз.



Қатысты ақпарат

- ➔ [“Epson Connect қызметі” бетте 127](#)

Epson iPrint орнату

Epson iPrint қолданбасын интеллектуалды құрылғыға келесі URL немесе QR кодынан орнатуға болады.

Басып шығару


<http://ipr.to/a>



Epson iPrint пайдалана отырып басып шығару

Epson iPrint қолданбасын интеллектуалды құрылғыдан іске қосыңыз және негізгі экраннан пайдаланғыңыз келетін элементті таңдаңыз.

Келесі экрандарды ескертусіз өзгертуге болады. Мазмұндары өнімге байланысты әртүрлі болуы мүмкін.



1	Қолданба іске қосылған кезде негізгі экран көрсетіледі.
2	Принтерді орнату әдісі және жиі қойылатын сұрақтар туралы ақпаратты көрсетеді.
3	Принтерді таңдап, принтер параметрлерін жасай алатын экранды көрсетеді. Принтерді таңдаған соң келесі рет тағы да таңдаудың қажеті жоқ.
4	Фотосуреттер мен құжаттар сияқты нені басып шығарғыңыз келетінін таңдаңыз.
5	Қағаз өлшемі және қағаз түрі сияқты басып шығару параметрлерін жасау үшін экранды көрсетеді.
6	Қағаз өлшемін көрсетеді. Бұл түйме ретінде көрсетілген кезде принтерде орнатылған қағаз параметрлерін көрсету үшін осыны басыңыз.
7	Сіз таңдаған фотосуреттер мен құжаттарды көрсетеді.
8	Басып шығаруды бастайды.

Басып шығару

Ескертпе:

iPhone жүйесінде жұмыс істейтін iPad, iPod touch және iOS құрылғыларының көмегімен құжат мәзірінен басып шығару үшін, Epson iPrint ішіндегі файлды ортақ пайдалану функциясы арқылы басып шығарғыңыз келген құжатты тасымалдағаннан кейін iTunes функциясын іске қосыңыз.

AirPrint функциясын пайдалану

AirPrint функциясы iOS жүйесінің ең соңғы нұсқасы орнатылған iPhone, iPad және iPod touch және OS X немесе macOS жүйесінің ең соңғы нұсқасы орнатылған Mac құрылғысынан жылдам сымсыз басып шығаруға мүмкіндік береді.



Ескертпе:

Егер өнімнің басқару тақтасында қағаз конфигурациясының хабарлары көрсетілсе, AirPrint функциясын пайдалану мүмкін емес. Егер қажет болса, хабарларды қосу үшін төмендегі сілтемені қараңыз.

1. Қағазды өнімге салыңыз.
2. Өнімді сымсыз басып шығаруға реттеңіз. Төмендегі сілтемені қараңыз.
<http://epson.sn>
3. Apple құрылғысын өнім пайдаланатын бірдей сымсыз желіге қосыңыз.
4. Құрылғыдан өнімге басып шығарыңыз.

Ескертпе:

Мәліметтер алу үшін Apple веб-сайтындағы AirPrint бетін қараңыз.

Қатысты ақпарат

➔ "Қағазды Артқа қағаз беру ішіне салу" бетте 45

Басып шығаруды болдырмау

Ескертпе:

- ❑ *Windows жүйесінде принтерге толығымен жіберілген басып шығару тапсырмасын компьютерден тоқтата алмайсыз. Бұл жағдайда басып шығару тапсырмасын принтердегі басқару тақтасының көмегімен тоқтатыңыз.*
- ❑ *Mac OS жүйесінде бірнеше бетті басып шығарған кезде барлық тапсырманы басқару тақтасының көмегімен тоқтата алмайсыз. Бұл жағдайда басып шығару тапсырмасын компьютерден тоқтатыңыз.*
- ❑ *Егер баспа тапсырмасын Mac OS X v10.6.8 жүйесінен желі арқылы жіберсеңіз, басып шығаруды компьютерден тоқтата алмауыңыз мүмкін. Бұл жағдайда басып шығару тапсырмасын принтердегі басқару тақтасының көмегімен тоқтатыңыз.*

Басып шығаруды болдырмау — принтер түймесі

Орындалу барысындағы басып шығару тапсырмасын болдырмау үшін  түймесін басыңыз.


Басып шығаруды болдырмау - Windows

1. Принтер драйверінің терезесіне өтіңіз.
2. **Қызмет көрсету** қойындысын таңдаңыз.
3. **Бас. шығ-у кезегі** түймесін басыңыз.
4. Бас тартқыңыз келген тапсырманы тінтуірдің оң жақ түймесімен басып, **Болдырмау** пәрменін таңдаңыз.

Қатысты ақпарат

➔ [“Windows Принтер драйвері” бетте 129](#)

Басып шығаруды болдырмау — Mac OS

1. **Док-станция** ішіндегі принтер белгішесін басыңыз.
2. Бас тартқыңыз келген тапсырманы таңдаңыз.
3. Тапсырманы тоқтатыңыз.
 - ❑ OS X Mountain Lion немесе одан кейінгі
 - Орындалу көрсеткішінің жанындағы  түймесін басыңыз.
 - ❑ Mac OS X v10.6.8 — v10.7.x
 - Жою** түймесін басыңыз.

Көшіру

Көшіру негіздері

1. Қағазды принтерге салыңыз.

**Маңызды:**

Басқару тақтасында қағаз параметрлерін орнатыңыз.

2. Түпнұсқаларды қойыңыз.
3. Бастапқы экраннан **Көшіру** тармағына ◀ немесе ▶ түймесін пайдаланып кіріңіз, содан кейін ОК түймесін басыңыз.
4. – немесе + түймесін пайдаланып көшірмелер санын орнатыңыз.
5. ◀ немесе ▶ түймесін пайдаланып түсті көшірмені немесе монохромды көшірмені таңдаңыз.
6. **Бас. шығ. параметрлері** тармағын ▼ түймесін пайдаланып таңдаңыз, содан кейін ОК түймесін басыңыз. Қағаз өлшемі және қағаз түрі сияқты параметрлерді тексеріңіз және қажет болса, параметрлерді өзгертіңіз. ▲ немесе ▼ түймесін пайдаланып параметр элементтерін таңдаңыз және ◀ немесе ▶ түймесін пайдаланып параметрлерді өзгертіңіз.

Ескертпе:

Құжаттың өлшемін белгілі бір пайызға кішірейту немесе үлкейту арқылы көшіру керек болса, **Ретт. көлем** элементін **Кішірейту/Үлкейту** параметрі ретінде таңдаңыз, содан соң ОК түймесін басыңыз. Содан соң, – немесе + түймесі арқылы пайызды көрсетіңіз. – немесе + түймесін басып тұру арқылы пайызды 10 % қадамдарымен өзгертуге болады.

7. ⬠ түймесін басыңыз.

Ескертпе:

Көшірілген түсі, өлшемі және жиегі түпнұсқадан өзгешелеу.

Қатысты ақпарат

- ➔ “Қағазды Артқа қағаз беру ішіне салу” бетте 45
- ➔ “Түпнұсқаларды Сканер әйнегі үстіне қою” бетте 49
- ➔ “Көшіру режиміне арналған мәзір опциялары” бетте 82

Көшіру режиміне арналған мәзір опциялары

Ескертпе:

Қолжетімді мәзірлер сіз таңдаған схемаға байланысты өзгереді.

Көшірмелер саны

Көшірмелер санын енгізіңіз.

Көшіру

Түс

Түпнұсқаны түсте көшіреді.

Ақ-қара

Түпнұсқаны қала және ақ (монохромды) түсте көшіреді.

Тығыздық

Көшіру нәтижелері бұлдыр болғанда ► түймесін басу арқылы тығыздықтың деңгейін арттырыңыз. Сия айғыздалғанда ◀ түймесін басу арқылы тығыздықтың деңгейін кішірейтіңіз.

Орналасу


- Шекарамен
Жиектерінде шеттер бар көшірмелер.
- Шекарасыз
Жиектерінде шеттер жоқ көшірмелер. Кескін қағаз жиектерінен жиектерді кетіру үшін азғантай үлкейтіледі.
- А4, 2 кескінді көшірмесі
Екі А4 жеке жақты түпнұсқаларды 2-лік орналасудағы А4 өлшемді қағаздың жеке бетіне көшіреді.
- А4, кітапша/2 кескін
Кітаптың А4 екі бетін көшіреді және 2-лік орналасудағы А4 өлшемді қағаздың жеке бетіне көшіреді.

Кішірейту/Үлкейту

Түпнұсқаларды үлкейтеді немесе кішірейтеді.

- Нақты көлем
100 % ұлғайтуда көшіреді.
- Бт авт.бйм

Сканерлеу аумағын анықтап, таңдаған қағаз өлшеміне сәйкестендіру үшін түпнұсқаны автоматты түрде ұлғайталы немесе кішірейтеді. Түпнұсқаның айналасында ақ жиектер болғанда сканер шынысының бұрыштық белгісінен алынған ақ түсті жиектер сканерлеу аумағы ретінде анықталады, бірақ қарсы беттегі жиектер қиылуы мүмкін.



Көшіру

- 10 x 15 см->A4, A4->10 x 15 см және басқалары
Белгілі бір қағаз өлшеміне сәйкестендіру үшін түпнұсқаны автоматты үлкейтеді немесе кішірейтеді.
- Ретт. көлем
25 – 400 % ауқымында түпнұсқаны үлкейту немесе азайту үшін пайдаланылатын үлкейтуді көрсетеді.

Қағаз көлемі

Жүктелген қағаз өлшемін таңдаңыз.

Қағаз түрі

Жүктелген қағаз түрін таңдаңыз.

Сапа

Басып шығару сапасын таңдаңыз. **Жоба** жылдамдық басып шығаруды қамтамасыз етеді, бірақ баспа бұлдыр болуы мүмкін. **Жоғары сапалы** жоғары сапалы басып шығаруды қамтамасыз етеді, бірақ басып шығару жылдамдығы баяулауы мүмкін.

Шығыс Еуропадағы пайдаланушылар үшін жоба режимі қолжетімді емес.

Фотосуреттерді көшіру

Бір уақытта бірнеше фотосуретті көшіруге болады. Сондай-ақ, өңсізденген фотосуреттердегі түстерді қалпына келтіруге болады.

Ескертпе:

- Көшіруге болатын ең кіші түпнұсқа өлшемі — 30 x 40 мм.
- Фотосурет айналасындағы ақ кеңістік анықталмауы мүмкін.

1. Қағазды принтерге салыңыз.



Маңызды:

Басқару тақтасында қағаз параметрлерін орнатыңыз.

2. Бастапқы экраннан **Қосым. функ-лар** тармағына ◀ немесе ▶ түймесін пайдаланып кіріңіз, содан кейін ОК түймесін басыңыз.
3. **Фотосур. көшіру/қалп.келтіру** тармағын ▲ немесе ▼ түймесін пайдаланып таңдаңыз, содан кейін ОК түймесін басыңыз.
4. Өңсізденген фотосуреттерде түстерді қалпына келтіру-келтірмеуді таңдаңыз.
5. Экранды тексеріп, фотосуреттерді Сканер әйнегі бетіне қойыңыз.
6. ⬠ түймесін басыңыз.
Фотосуреттер сканерленіп, экранда көрсетіледі.

Көшіру

7. ▼ түймесін басып, **Бас. шығ. параметрлері** тармағын ▲ немесе ▼ түймесін пайдаланып таңдаңыз, содан соң ОК түймесін басыңыз. Қағаз өлшемі және қағаз түрі сияқты параметрлерді тексеріңіз және қажет болса, параметрлерді өзгертіңіз. ▲ немесе ▼ түймесін пайдаланып параметр элементтерін таңдаңыз және ◀ немесе ▶ түймесін пайдаланып параметрлерді өзгертіңіз.

Ескертпе:

Фотосуреттің бөлігін үлкейту арқылы басып шығару керек болса, **Қиып алу/Масштабтау** пәрменін таңдаңыз. ▲, ▼, ◀ немесе ▶ түймесін пайдаланып басып шығару аумағының жақтауын таңдаңыз және — немесе + түймесін пайдаланып жақтау өлшемін өзгертіңіз.

8. ◇ түймесін басыңыз.

Қатысты ақпарат

- ➔ [“Қағазды Артқа қағаз беру ішіне салу” бетте 45](#)
- ➔ [“Көшірмесі жасалатын фотосуреттерді қою” бетте 50](#)
- ➔ [“Фотосур. көшіру/қалп.келтіру параметріне арналған мәзір опциялары” бетте 85](#)

Фотосур. көшіру/қалп.келтіру параметріне арналған мәзір опциялары

Түсті қалпына келтіру

Жарқыраған фотосуреттердің түсін қалпына келтіреді.

Дисплей опциялары

- Ақпараты бар 1 фотосур.

Экранда бір фотосуретті көрсетеді. Сондай-ақ, масштабтау сияқты параметрлер туралы ақпарат көрсетіледі.

- 1 фотосурет

Экранда бір фотосуретті көрсетеді. Масштабтау сияқты параметрлер туралы ақпарат көрсетілмейді.

Бас. шығ. параметрлері

- Қағаз көлемі
Жүктелген қағаз өлшемін таңдаңыз.

- Қағаз түрі
Жүктелген қағаз түрін таңдаңыз.

- Шекарасыз

Жиектердің айналасында жақтауларсыз басып шығару үшін **Шекарасыз** параметрін таңдаңыз. Кескін қағаз жиектерінен жиектерді кетіру үшін азғантай үлкейтіледі. Жиектердің айналасында жақтаулармен басып шығару үшін **Шекарамен** параметрін таңдаңыз.

Көшіру

Сапа

Басып шығару сапасын таңдаңыз. **Жоғары сапалы** сапасын таңдау жоғары сапалы басып шығаруды қамтамасыз етеді, бірақ басып шығару жылдамдығы баяулауы мүмкін.

Қиып алу/Масштаптау

Басылатын фотосуреттің бөлігін үлкейтеді.

Сканерлеу

Басқару тақтасының көмегімен сканерлеу

Жад картасына сканерлеу

Сканерленген кескінді жад картасына сақтай аласыз.

1. Түпнұсқаларды қойыңыз.
2. Жад картасын принтерге салыңыз.
3. Бастапқы экраннан **Сканерлеу** тармағына ◀ немесе ▶ түймесін пайдаланып кіріңіз, содан кейін ОК түймесін басыңыз.
4. **Жад картасына сканерлеу** тармағын ◀ немесе ▶ түймесін пайдаланып таңдаңыз, содан кейін ОК түймесін басыңыз.
5. Сақтау пішімі сияқты параметрлерді тексеріп, қажет болса, өзгертіңіз. ▲ немесе ▼ түймесін пайдаланып параметр элементтерін таңдаңыз және ◀ немесе ▶ түймесін пайдаланып параметрлерді өзгертіңіз.
6. ⬠ түймесін басыңыз.

Ескертпе:

Сканерленген кескіннің түсі, өлшемі және жиегі түпнұсқа сияқты бірдей болмайды.

Қатысты ақпарат

- ➔ "Түпнұсқаларды Сканер әйнегі үстіне қою" бетте 49
- ➔ "Жад картасын салу" бетте 51
- ➔ "Сканерлеуге арналған мәзір параметрлері" бетте 91

Бұлтқа сканерлеу

Сканерленген кескіндерді **Бұлтқа сканерлеу** мүмкіндігі арқылы бұлттық қызметтерге жіберуге болады. Сондай-ақ, сканерленген кескіндерді электрондық пошта арқылы жіберуге болады. Бұл мүмкіндікті пайдаланудың алдында реттеулерді Epson Connect мүмкіндігі арқылы жасауға болады. Мәліметтер алу үшін келесі Epson Connect порталының веб-сайтынан қараңыз.

<https://www.epsonconnect.com/>

<http://www.epsonconnect.eu> (тек Еуропа)

1. Epson Connect мүмкіндігі арқылы реттеулерді жасағаныңызды тексеріңіз.
Тағайындалған орындарды пайдаланушы бетіндегі тағайындалған орындар тізіміне қосу қажет.

Сканерлеу

2. Түпнұсқаларды қойыңыз.
3. Бастапқы экраннан **Сканерлеу** тармағына ◀ немесе ▶ түймесін пайдаланып кіріңіз, содан соң ОК түймесін басыңыз.
4. **Бұлтқа сканерлеу** тармағын ◀ немесе ▶ түймесін пайдаланып таңдаңыз, содан соң ОК түймесін басыңыз.
5. Мақсатты орынды ▲ немесе ▼ түймесін пайдаланып таңдаңыз, содан кейін ОК түймесін басыңыз.
6. Сақтау пішімі сияқты параметрлерді тексеріп, қажет болса, өзгертіңіз. ▲ немесе ▼ түймесін пайдаланып параметр элементтерін таңдаңыз және ◀ немесе ▶ түймесін пайдаланып параметрлерді өзгертіңіз.
7. ⬡ түймесін басыңыз.

Ескертпе:

Сканерленген кескіннің түсі, өлшемі және жиегі түпнұсқа сияқты бірдей болмайды.

Қатысты ақпарат

- ➔ [“Түпнұсқаларды Сканер әйнегі үстіне қою” бетте 49](#)
- ➔ [“Сканерлеуге арналған мәзір параметрлері” бетте 91](#)

Компьютерге сканерлеу

Сканерленген кескінді компьютерге сақтай аласыз.



Маңызды:

Осы мүмкіндікті пайдаланбай тұрып компьютерде Epson Scan 2 және Epson Event Manager қолданбалары орнатылғанын тексеріңіз.

1. Түпнұсқаларды қойыңыз.
2. Бастапқы экраннан **Сканерлеу** тармағына ◀ немесе ▶ түймесін пайдаланып кіріңіз, содан кейін ОК түймесін басыңыз.
3. ◀ не ▶ түймесінің көмегімен сканерленген кескінді компьютерге сақтау әдісін таңдап, ОК түймесін басыңыз.
 - Комп-ге сканерлеу (JPEG):** Сканерленген кескінді JPEG пішімінде сақтайды.
 - Комп-ге сканерлеу (PDF):** Сканерленген кескінді PDF пішімінде сақтайды.
 - Комп-ге сканерлеу (эл.пош.):** Компьютердегі электрондық пошта клиентін іске қосады, одан кейін оны автоматты түрде электрондық поштаға тіркейді.

Сканерлеу

4. Сканерленген кескіндерді сақтайтын компьютерді таңдаңыз.

Ескертпе:

- ❑ *Epson Event Manager қолданбасы арқылы сканерлеу өлшемі, сақтайтын қалта немесе сақтау пішімі сияқты сканерлеу параметрлерін өзгертуге болады.*
- ❑ *Принтер желіге қосылған болса, сканерленген суретті сақтау қажет компьютерді таңдауға болады. Принтердің басқару тақтасында 20-ға дейін компьютерді көрсетуге болады.*
- ❑ *Сканерленген кескіндерді сақтау керек компьютер желіде анықталса, компьютер атауының бастапқы 15 таңбасы басқару тақтасында көрсетіледі. Егер **Network Scan Name (Alphanumeric)** параметрін Epson Event Manager қолданбасында орнатсаңыз, ол басқару тақтасында көрсетіледі.*

5.  түймесін басыңыз.

Ескертпе:

Сканерленген кескіннің түсі, өлшемі және жиегі түпнұсқа сияқты бірдей болмайды.


Қатысты ақпарат

- ➔ [“Түпнұсқаларды Сканер әйнегі үстіне қою” бетте 49](#)
- ➔ [“Epson Event Manager” бетте 136](#)

Компьютерге сканерлеу (WSD)

Ескертпе:

- ❑ *Бұл мүмкіндік тек ағылшын тіліндегі Windows 10/Windows 8.1/Windows 8/Windows 7/Windows Vista жүйесі орнатылған компьютерлер үшін қолжетімді.*
- ❑ *Егер Windows 7/Windows Vista жүйесін пайдаланатын болсаңыз, осы мүмкіндікті пайдалана отырып, компьютерді алдын ала орнатуыңыз қажет.*

1. Түпнұсқаларды қойыңыз.
2. Бастапқы экраннан **Сканерлеу** тармағына ◀ немесе ▶ түймесін пайдаланып кіріңіз, содан кейін ОК түймесін басыңыз.
3. **Комп-ге сканерлеу (WSD)** тармағын ◀ немесе ▶ түймесін пайдаланып таңдаңыз, содан кейін ОК түймесін басыңыз.
4. Компьютерді таңдаңыз.
5.  түймесін басыңыз.

Ескертпе:

Сканерленген кескіннің түсі, өлшемі және жиегі түпнұсқа сияқты бірдей болмайды.

Қатысты ақпарат

- ➔ [“Түпнұсқаларды Сканер әйнегі үстіне қою” бетте 49](#)

WSD портын орнату

Бұл бөлімде WSD портын Windows 7/Windows Vista үшін орнату әдісі сипатталады.

Сканерлеу

Ескертпе:

Windows 10/Windows 8.1/Windows 8 үшін WSD порты автоматты түрде орнатылады.


WSD портын орнату үшін келесілер қажет.

- Принтер мен компьютер желіге қосылған.
- Принтер драйвері компьютерге орнатылған.

1. Принтерді іске қосыңыз.
2. Бастау түймесін басыңыз, сонан соң компьютердегі **Желі** түймесін басыңыз.
3. Принтерді тінтуірдің оң жағымен басып, **Орнату** опциясын таңдаңыз.

Пайдаланушының тіркелгісін басқару экраны көрсетілгенде **Жалғастыру** түймесін басыңыз.


Жою экраны көрінсе, **Жою** түймесін басып, қайтадан бастаңыз.



Ескертпе:


Желіде орнатылған принтер атауы мен модель атауы (EPSON XXXXXX (XX-XXXX)) желілік экранда көрсетіледі. Принтердің желіде орнатылған атауын принтердің басқару тақтасынан немесе желі күйі парағын басып шығару арқылы тексере аласыз.

4. **Құрылғыңыз пайдалануға дайын** түймесін басыңыз.



Сканерлеу

5. Хабарды тексеріп, **Жабу** түймесін басыңыз.



6. **Құрылғылар және принтерлер** экранын ашыңыз.

- Windows 7

Бастау > **Басқару тақтасы** > **Аппараттық құралдар және дыбыс** (немесе **Аппараттық құралдар**) > **Құрылғылар және принтерлер** түймесін басыңыз.

- Windows Vista

Бастау > **Басқару тақтасы** > **Аппараттық құралдар және дыбыс** > **Принтерлер** түймесін басыңыз.

7. Принтердің желідегі атауы бар белгішенің көрсетілгенін тексеріңіз.

WSD арқылы пайдаланғанда принтер атауын таңдаңыз.

Қатысты ақпарат

➔ [“Желі күйі парағын басып шығару” бетте 38](#)

Сканерлеуге арналған мәзір параметрлері

Келесі опциялар **Жад картасына сканерлеу** мәзірінде және **Бұлтқа сканерлеу** мәзірінде қолжетімді.

Пішім

Сканерленген кескінді сақтайтын пішімді таңдаңыз.

Түс

Түсті немесе бір түсті етіп сканерлеуді таңдаңыз.

Сканерлеу аймағы

Сканерлеу аймағын таңдаңыз. Сканерлеу барысында мәтіннің немесе кескіннің айналасынан ақ бос орынды қиып алу үшін **Автоматты түрде кесу** параметрін таңдаңыз. Сканер әйнегі параметрін ең көп аумағын сканерлеу үшін **Максималды аймақ** параметрін таңдаңыз. **A4** пішімі таңдалғанда сканерленген кескіннің жиектері кесілген болса, осы параметрді таңдаңыз және қайтадан сканерлеңіз.

Құжат

Түпнұсқаңыздың түрін таңдаңыз.

Сканерлеу

Ажыратымдылық

Сканерлеу ажыратымдылығын таңдаңыз.

Бұл элемент тек **Жад картасына сканерлеу** бөлімінде қолжетімді.

Контраст

Сканерленген кескіннің контрастын таңдаңыз. ► түймесін басу арқылы контрасттың деңгейін арттырыңыз және ◀ түймесін басу арқылы кішірейтіңіз.

Құжат бағдары

Түпнұсқаңыздың бағытын таңдаңыз.

Компьютерден сканерлеу

Epson Scan 2 пайдалану арқылы сканерлеу

«Epson Scan 2» сканер драйвері арқылы сканерлеуге болады. Әр параметр элементінің түсіндірмесін алу үшін Epson Scan 2 анықтамасын қараңыз.

Қатысты ақпарат

➔ ["Epson Scan 2 \(Сканер драйвері\)" бетте 135](#)


Құжаттарды сканерлеу (Құжат режимі)

Epson Scan 2 құрылғысындағы **Құжат режимі** режимі арқылы мәтіндік құжаттарға жарамды толық параметрлер арқылы түпнұсқаларды сканерлеуге болады.


1. Түпнұсқаларды қойыңыз.
2. Epson Scan 2 бағдарламасын іске қосыңыз.
3. **Құжат режимі** тізімінен **Режим** таңдаңыз.

Сканерлеу

4. Негізгі параметрлер қойындысындағы келесі параметрлерді орнатыңыз.



- Құжат өлшемі: орналастырған түпнұсқаның өлшемін таңдаңыз.

-  (түпнұсқалы бағыт) түймелері: сіз қойған түпнұсқаның орнатылған бағытын таңдаңыз. Түпнұсқаның өлшеміне байланысты осы элемент автоматты түрде орнатылып, өзгертілмеуі мүмкін.

- Кескін түрі: сканерленген кескінді сақтауға арналған түсті таңдаңыз.

- Ажыратымдылық: ажыратымдылықты таңдаңыз.

Ескертпе:

- Құжат көзі** параметрі **Сканер әйнегі** құрылғысы ретінде бекітіледі. Бұл параметрді өзгерту мүмкін емес.
- Скан. кейін бетт. қосу не өңдеу** реттесеңіз, түпнұсқаны сканерлеген соң қосымша түпнұсқаларды сканерлеуге болады. Оған қоса **Кескін пішімі** параметрін PDF немесе Multi-TIFF ретінде реттесеңіз, сканерленген кескіндерді бір файл ретінде сақтауға болады.

5. Қажет болса, басқа сканерлеу параметрлерін жасаңыз.

- Қарап алу** түймесін басу арқылы сканерленген кескінді алдын ала қарауға болады. Алдын ала қарау терезесі ашылып, алдын ала қаралған кескін көрсетіледі.

Сканерлеу


- ❑ **Кеңейтілген параметрлер** қойындысында келесі сияқты мәтіндік құжаттарға үйлесімді толық кескін реттеу параметрлерін жасауға болады.
 - ❑ Фонды жою: түпнұсқалардың фонын жойыңыз.
 - ❑ Мәтінді жақсарту: бұрмаланған әріптерді түпнұсқада анық әрі айқын етуге болады.
 - ❑ Аумақты автоматты түрде бөлу: құрамында кескіндер бар құжат үшін қара және ақ сканерлеу жасағанда әріптерді таза және кескіндерді анық етуге болады.
 - ❑ Түстерді күшейту: сканерленген кескін үшін көрсетілген түсті жақсартып, оны сұр реңкке немесе қара және ақ түске сақтауға болады.
 - ❑ Жарықтық: сканерленген кескінге арналған жарықтықты реттеуге болады.
 - ❑ Контраст: сканерленген кескінге арналған контрастты реттеуге болады.
 - ❑ Гамма: сканерленген кескінге арналған гамманы (аралық ауқымның жарықтығы) реттеуге болады.
 - ❑ Шек: жиекті монохромды екілік (қара және ақ) жүйеге реттеуге болады.
 - ❑ Бұлыңғырлау маскасы: кескіннің контурын күшейтуге және анық етуге болады.
 - ❑ Растрды алу: журнал сияқты басып шығарылған қағаздарды сканерлегенде пайда болатын қатпарлы үлгілерін (тор тәрізді көлеңкелер) жоюға болады.
 - ❑ Жиектерді толтыру: сканерленген кескіннің айналасында пайда болған көлеңкені жоюға болады.
 - ❑ Қос кескін шығару (тек Windows): екі кескінді бір уақытта әртүрлі шығыс параметрлерімен сканерлеуге және сақтауға болады.

Ескертпе:

Жасаған басқа реттеулерге байланысты элементтер қолжетімді болмауы мүмкін.

Сканерлеу

6. Файл сақтау параметрлерін орнатыңыз.



- ❑ Кескін пішімі: тізімнен сақтау пішімін таңдаңыз.
 BITMAP және PNG пішімінен басқа әрбір сақтау пішімі үшін толық реттеулерді жасауға болады. Сақтау пішімін таңдағаннан кейін тізімнен **Опциялар** бөлімін таңдаңыз.
- ❑ Файл аты: көрсетілген сақтау файлының атауын растаңыз.
 Тізімнен **Параметрлер** параметрін таңдау арқылы файл атауы үшін параметрлерді өзгертуге болады.
- ❑ Қалта: тізімнен сканерленген кескінге арналған сақтау қалтасын таңдаңыз.
 Тізімнен **Таңдау** параметрін таңдау арқылы басқа қалтаны таңдауға немесе жаңа қалта жасауға болады.

7. Сканерлеу түймесін басыңыз.

Қатысты ақпарат

➔ ["Түпнұсқаларды Сканер әйнегі үстіне қою" бетте 49](#)

Фотосуреттерді немесе суреттерді сканерлеу (Фотосурет режимі)

Epson Scan 2 құрылғысында **Фотосурет режимі** режимі арқылы фотосуреттер мен суреттерге үйлесімді кең ауқымды кескін реттеу мүмкіндіктері бар түпнұсқаларды сканерлеуге болады.

Сканерлеу


1. Түпнұсқаларды қойыңыз.

Сканер шынысына бірнеше түпнұсқаларды қою арқылы оларды бірдей уақытта сканерлеуге болады. Түпнұсқалар арасында ең азы 20 мм саңылау бар екенін тексеріңіз.

2. Epson Scan 2 бағдарламасын іске қосыңыз.

3. **Фотосурет режимі** тізімінен **Режим** таңдаңыз.

4. **Негізгі параметрлер** қойындысындағы келесі параметрлерді реттеңіз.



Кескін түрі: сканерленген кескінді сақтауға арналған түсті таңдаңыз.

Ажыратымдылық: ажыратымдылықты таңдаңыз.


Ескертпе:

Құжат көзі параметрі **Сканер әйнегі** күйі ретінде тіркеледі және **Құжат түрі** параметрі **Шағылыстыратын** күйі ретінде тіркеледі. (**Шағылыстыратын** мөлдір емес түпнұсқаларды білдіреді, мысалы, қарапайым қағаздар немесе фотосуреттер.) Бұл параметрлерді өзгерту мүмкін емес.

Сканерлеу

5. Қарап алу түймесін басыңыз.


Алдын ала қарау терезесі ашылып, алдын ала қаралған кескін нобайлар ретінде көрсетіледі.



Ескертпе:

Бүкіл сканерленген аумақты алдын ала қарау үшін алдын ала қарау терезесінің жоғарғы жағындағы **Пиктограмма** ұяшығынан белгіні алыңыз.

6. Алдын ала қарауды растап, қажет болса, **Кеңейтілген параметрлер** қойындысындағы кескін реттеу параметрлерін жасаңыз.



Сканерлеу


Фотосуреттерге немесе суреттерге үйлесімді толық параметрлер арқылы сканерленген кескінді реттеуге болады, мысалы, келесі.

- Жарықтық: сканерленген кескінге арналған жарықтықты реттеуге болады.
- Контраст: сканерленген кескінге арналған контрастты реттеуге болады.
- Қанықтылық: сканерленген кескінге арналған қанықтықты (түс қанықтықтары) реттеуге болады.
- Бұлыңғырлау маскасы: сканерленген кескіндердің контурын күшейтуге және анық етуге болады.
- Түстерді қалпына келтіру: бояуы оңып кеткен кескіндерді бастапқы бояуларына қайтару үшін оларды түзетуге болады.
- Артқы жарықты түзету: артқы жарыққа байланысты күңгірт болған сканерленген кескіндерді жарықтандыруға болады.
- Растрды алу: журнал сияқты басып шығарылған қағаздарды сканерлегенде пайда болатын қатпарлы үлгілерін (тор тәрізді көлеңкелер) жоюға болады.
- Шаңды жою: сканерленген кескіндегі шаңды жоюға болады.

Ескертпе:

- Жасаған басқа реттеулерге байланысты элементтер қолжетімді болмауы мүмкін.
- Түпнұсқаға байланысты сканерленген кескін дұрыс реттелмеуі мүмкін.
- Бірнеше нобайлар жасалғанда, әрбір нобайға арналған кескін сапасын реттеуге болады. Реттеу элементтеріне байланысты бірнеше нобайларды таңдау арқылы барлық сканерленген кескіндердің сапасын бірге реттеуге болады.

7. Файл сақтау параметрлерін орнатыңыз.



- Кескін пішімі: тізімнен сақтау пішімін таңдаңыз.
BITMAP және PNG пішімінен басқа әрбір сақтау пішімі үшін толық реттеулерді жасауға болады. Сақтау пішімін таңдағаннан кейін тізімнен **Опциялар** бөлімін таңдаңыз.

Сканерлеу

- ❑ Файл аты: көрсетілген сақтау файлының атауын растаңыз.
Тізімнен **Параметрлер** параметрін таңдау арқылы файл атауы үшін параметрлерді өзгертуге болады.
- ❑ Қалта: тізімнен сканерленген кескінге арналған сақтау қалтасын таңдаңыз.
Тізімнен **Таңдау** параметрін таңдау арқылы басқа қалтаны таңдауға немесе жаңа қалта жасауға болады.

8. **Сканерлеу** түймесін басыңыз.

Қатысты ақпарат

- ➔ “Түпнұсқаларды Сканер әйнегі үстіне қою” бетте 49
- ➔ “Бір уақытта сканерлеу үшін бірнеше фотосуретті қою” бетте 50

Интеллектуалды құрылғылардан сканерлеу

Epson iPrint — принтермен бірдей сымсыз желіге қосылған смартфон немесе планшет сияқты смарт құрылғыдан фотосуреттерді және құжаттарды сканерлеуге мүмкіндік беретін қолданба. Сканерленген деректерді интеллектуалды құрылғыда немесе Cloud қызметтерінде сақтауға, электрондық пошта арқылы жіберуге немесе басып шығаруға болады.



Epson iPrint орнату

Epson iPrint қолданбасын интеллектуалды құрылғыға келесі URL немесе QR кодын орнатуға болады.

<http://ipr.to/a>



Epson iPrint пайдалану арқылы сканерлеу

Epson iPrint қолданбасын интеллектуалды құрылғыдан іске қосыңыз және негізгі экраннан пайдаланғыңыз келетін элементті таңдаңыз.

Сканерлеу

Келесі экрандарды ескертусіз өзгертуге болады.



1	Қолданба іске қосылған кезде негізгі экран көрсетіледі.
2	Принтерді орнату әдісі және жиі қойылатын сұрақтар туралы ақпаратты көрсетеді.
3	Принтерді таңдап, принтер параметрлерін жасай алатын экранды көрсетеді. Принтерді таңдаған соң келесі рет тағы да таңдаудың қажеті жоқ.
4	Сканерлеу экранын көрсетеді.
5	Ажыратымдылық сияқты сканерлеу параметрлерін жасауға болатын экранды көрсетеді.
6	Сканерленген кескіндерді көрсетеді.
7	Сканерлеуді бастайды.
8	Сканерленген деректерді интеллектуалды құрылғыда немесе Cloud қызметтерінде сақтауға болатын экранды көрсетеді.
9	Сканерленген деректерді электрондық пошта арқылы жіберуге болатын экранды көрсетеді.
10	Сканерленген деректерді басып шығаруға болатын экранды көрсетеді.

Сия картридждарын ауыстыру

Сия деңгейлерін тексеру

Болжалды сия деңгейлерін басқару тақтасынан немесе компьютерден тексеруге болады.

Сия деңгейлерін тексеру — басқару тақтасы

1. Бастапқы экраннан **Параметрді орнату** тармағына ◀ немесе ▶ түймесін пайдаланып кіріңіз, содан соң ОК түймесін басыңыз.
2. **Сия деңгейлері** тармағын ▲ немесе ▼ түймесін пайдаланып таңдаңыз, содан соң ОК түймесін басыңыз.

Сия деңгейлерін тексеру — Windows

1. Принтер драйверінің терезесіне өтіңіз.
2. **Сия деңгейлері** қойындысындағы **Басты** түймесін басыңыз.


Ескертпе:

Егер **EPSON Status Monitor 3** өшірілсе, сия деңгейлері көрсетілмейді. **Кеңейтілген параметрлер** түймесін **Қызмет көрсету** қойындысында басып, **EPSON Status Monitor 3** қосу таңдаңыз.

Қатысты ақпарат

➔ [“Windows Принтер драйвері” бетте 129](#)

Сия деңгейлерін тексеру — Mac OS

1.  мәзірі > **Принтерлер және сканерлер** (немесе **Басып шығару және сканерлеу, Басып шығару және факс**) тармағынан **Жүйе параметрлері** тармағын таңдап, принтерді таңдаңыз.
2. **Параметрлер және жабдықтар** > **Утилиты** > **Принтер утилитасын ашу** түймесін басыңыз.
3. **EPSON Status Monitor** түймесін басыңыз.


Сия картриджі кодтары

Еpson компаниясы түпнұсқалық Epson сия картридждерін пайдалануды ұсынады. Epson компаниясы түпнұсқалық емес сияның сапасына және сенімділігіне кепілдік бере алмайды.

Сия картридждарын ауыстыру

Түпнұсқалық емес сияны пайдалану Epson кепілдіктері қамтымайтын зиян тигізуі және белгілі бір жағдайларда принтердің қате әрекетін тудыруы мүмкін. Түпнұсқалық емес сия деңгейлері туралы ақпарат көрсетілмеуі мүмкін.

Келесілер шынайы Epson сия картридждеріне арналған кодтар болып табылады.

Белгіше	ВК: Black (Қара)	С: Cyan (Көкшіл)	М: Magenta (Алқызыл)	Ү: Yellow (Сары)
Құлпынай 	29 29XL*	29 29XL*	29 29XL*	29 29XL*

* «XL» үлкен картриджды көрсетеді.

Ескертпе:

- Барлық аймақтарда картридждердің барлығы болмауы мүмкін.
- Сия картриджінің кодтары орынға қарай әртүрлі болуы мүмкін. Аймағыңыздағы дұрыс кодтар туралы ақпарат алу үшін Epson қолдау қызметіне хабарласыңыз.
- Еуропалық пайдаланушыларға арналған Epson сия картриджінің өнімділігі туралы ақпарат алу үшін келесі веб-сайтты қараңыз.
<http://www.epson.eu/pageyield>

Қатысты ақпарат

➔ "Техникалық қолдау көрсету веб-торабы" бетте 184

Сия картриджін ұстау туралы сақтандырулар


Сия картридждарын ауыстыру алдында төмендегі нұсқауларды оқып шығыңыз.

Пайдалану бойынша сақтандырулар


- Сия картридждерін қалыпты бөлме температурасында сақтаңыз және тікелей күн сәулесінен алыс ұстаңыз.
- Epson сия картриджін бумада басылған күнге дейін қолдануды ұсынады.
- Ең жақсы нәтиже алу үшін сия картридждерін буманы ашқаннан кейін алты ай ішінде қолданыңыз.
- Ең жақсы нәтижелер алу үшін сия картриджі бумаларын түбін төмен қаратып сақтаңыз.
- Сия картриджін салқын сақталған жақтан шығарғаннан кейін оны пайдаланудан бұрын бөлме температурасында ең кемінде үш сағат жылытыңыз.
- Сия картриджін принтерге орнатуға дайын болғанға дейін ашпаңыз. Картриджді бүтін күйде сақтау үшін ол вакуумды түрде қапталады. Картриджді пайдаланудан бұрын оны ұзақ уақыт бойы ашық қалдырсаңыз, қалыпты түрде басып шығару қиынға соғуы мүмкін.
- Оны бумадан алған кезде, сия картриджінің жандарындағы ілмектерді үзіп алмаңыз.

Сия картридждарын ауыстыру

- ❑ Оны орнатпас бұрын картриджден сары лентаны алып тастау қажет, әйтпесе, басып шығару сапасы төмендеуі немесе мүлдем басып шығара алмауыңыз мүмкін. Картридждегі белгіні алып тастамаңыз немесе жыртпаңыз, бұл оның төгілуіне себеп болуы мүмкін.



- ❑ Картридждің төменгі жағындағы мөлдір нығыздағышын алып тастамаңыз, себебі, картридж пайдасыз болуы мүмкін.



- ❑ Суретте көрсетілген бөліктерге тимеңіз. Солай жасау қалыпты жұмыс істеуді және басып шығаруды болдырмайды.



- ❑ Сия картридждерін орнатыңыз, әйтпесе, басып шығара алмайсыз.
- ❑ Қуат өшірулі кезде сия картридждерін ауыстырмаңыз. Басып шығару механизмін қолмен қозғалтпаңыз; әйтпесе принтерді зақымдауыңыз мүмкін.

Сия картридждарын ауыстыру

- ❑ Сия толтыру кезінде принтерді өшірмеңіз. Сияны толтыру толық орындалмаса, басып шығару мүмкін болмайды.
- ❑ Сия картридждері алынған принтерді қалдырмаңыз немесе картриджді ауыстырып жатқанда принтерді өшірмеңіз. Кері жағдайда басып шығару механизмі шүмектерінде қалған сия құрғап қалып, басып шығара алмауыңыз мүмкін.
- ❑ Сия картриджін уақытша алып тастау қажет болса, сия беру аумағын ластан және шаңнан қорғау қажет. Сия картриджін принтермен бірдей ортада, сия беру портының бетін төмен немесе бүйірге қаратып сақтаңыз. Сия картридждерін сия беру портының бетін жоғары қаратып сақтамаңыз. Сияны беру порты артық сияны ұстауға арналған клапанмен жабдықталғандықтан, жеке қақпақтар немесе тығындарды сатып алудың қажет жоқ.
- ❑ Алынған сия картридждерінің сия беру портының айналасында сия болуы мүмкін, сондықтан картридждерді алған кезде айналасындағы сияны ұстап қалмаңыз.
- ❑ Бұл принтер әрбір картридждегі қалған сия көлемі сияқты мәліметтерді бақылайтын жасыл чиппен жабдықталған сия картридждерін пайдаланады. Бұл сия таусылмайынша принтерден картридж алынып тасталса да, принтерге қайта салғаннан кейін де картриджді қолдана аласыз дегенді білдіреді. Дегенмен, картриджді қайта салған кезде, принтердің жұмысына кепілдік беру үшін көбірек сия тұтынылуы мүмкін.
- ❑ Сия барынша тиімді болсын десеңіз, сия картриджін тек оны ауыстыруға дайын болған кезде шығарыңыз. Сия картридждеріндегі сия деңгейі төмен болса, олар қайта салынған соң пайдаланылмай қалуы мүмкін.
- ❑ Ең жоғары басып шығару сапасын алу және басып шығару механизмін қорғауды қамтамасыз ету үшін принтеріңіз картриджді ауыстыру керектігін білдірген кезде картриджде қолжетімді сақтық сия мөлшері қалады. Көрсетілген өнімділікте бұл резерв қамтылмаған.
- ❑ Дегенмен, сия картридждерінде қайта өңделген материалдар бар, бұл принтердің жұмысына немесе өнімділігіне әсер етпейді.
- ❑ Сия картриджінің техникалық сипаттамалары және сыртқы түрі жақсарту үшін алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.
- ❑ Сия картриджін бөлшектеуге немесе қайта жөндеуге болмайды, әйтпесе, қалыпты басып шығара алмайсыз.
- ❑ Принтермен бірге ауыстыру үшін келген картридждерді қолдана алмайсыз.
- ❑ Берілген ресурстар басып шығаратын суретке, қолданылған қағаз түріне, басып шығару жиілігіне және температура сияқты қоршаған орта шарттарына байланысты өзгереді.

Сияны тұтыну


- ❑ Басып шығару механизмінің оңтайлы өнімділігін сақтау үшін, басып шығару механизмін тазалау сияқты техникалық қызмет көрсету барысында сия барлық картриджден жұмсалады. Сондай-ақ, принтерді қосқанда сия жұмсалуды мүмкін.
- ❑ Бір түспен немесе сұр түспен басып шығарған кезде, қағаз түріне немесе басып шығару параметрлеріне байланысты қара сияның орнына түрлі түсті сиялар қолданылуы мүмкін. Себебі қара түс жасау үшін түрлі түсті сиялардың қоспасы қолданылған.
- ❑ Принтеріңізбен бірге берілген сия картридждерінің ішіндегі сия бастапқы орнату барысында жартылай қолданылады. Жоғары сапасы басып шығаруды қамтамасыз ету үшін, принтеріңіздегі басып шығару механизмі сиямен толығымен толтырылады. Бұл бір процесс біршама сия мөлшерін жұмсайды, сондықтан бұл картридждер келесі сия картридждерімен салыстырғанда аздау бет басып шығаруы мүмкін.

Сия картридждарын ауыстыру

Абайлаңыз:

Сканер бөлігін ашу немесе жабу кезінде қолыңыздың не саусақтарыңыздың қыстырылып қалмауына мұқият болыңыз. Кері жағдайда, жарақат алуыңыз мүмкін.


Ескертпе:

- ❑ Принтер сияның деңгейі аз екенін анықтағаннан кейін де басып шығаруды жалғастыруға болады. Дегенмен, жаңа сия картридждерін барынша жылдам дайындаңыз.
- ❑ Көшіру кезінде сия картридждарын ауыстырсаңыз, түпнұсқалар орнынан ауытқуы мүмкін. Болдырмау және түпнұсқаларды ауыстыру үшін  түймесін басыңыз.

1. Келесінің біреуін орындаңыз.

- ❑ Сұралғанда сия картридждарын ауыстырыңыз
Қай сия картриджын ауыстыру керек екенін тексеріңіз де, ОК түймесін басыңыз. **Қазір ауыстыру** тармағын ▲ немесе ▼ түймесін пайдаланып таңдаңыз, содан кейін ОК түймесін басыңыз.
- ❑ Сия картридждарын таусылмай тұрып ауыстырғанда
Бастапқы экраннан **Параметрді орнату** тармағына ◀ немесе ▶ түймесін пайдаланып кіріңіз, содан кейін ОК түймесін басыңыз. **Техн.қызмет көрсету** тармағын ▲ немесе ▼ түймесін пайдаланып таңдаңыз, содан кейін ОК түймесін басыңыз. **Сия картриджін ауыстыру** тармағын ▲ немесе ▼ түймесін пайдаланып таңдаңыз, содан кейін ОК түймесін басыңыз. Содан кейін ◊ түймесін басыңыз.

2. Қара сия картриджын ауыстырған кезде төрт немесе бес рет жаңа қара сия картриджын жайлап шайқаңыз да, бумасынан шығарыңыз. Басқа түсті картриджарды ауыстырғанда шайқау алдында жаңа түсті картриджарды бумасынан шығарыңыз.




Маңызды:

Картридждерді орамды ашқан соң шайқамаңыз, себебі сия ағып кетуі мүмкін.

Сия картридждарын ауыстыру

3. Тек қана сары жапсырманы алып тастаңыз.




! **Маңызды:**

Суретте көрсетілген бөліктерге тимеңіз. Солай жасау қалыпты жұмыс істеуді және басып шығаруды болдырмайды.




4. Құжат қақпағы жабық күйде сканер бөлігін ашыңыз.




Сия картридждарын ауыстыру

5. Сия картриджындағы ілмекті қысып, түзу жоғары қарай тартыңыз. Сия картриджын шығара алмасаңыз, қатты тартыңыз.



6. Жаңа сия картриджын салыңыз да, төмен қатты басыңыз.



7. Сканер бөлігін жабыңыз.

8.  түймесін басыңыз.

Сияны толтыру басталады.

 **Маңызды:**

Сия толтыру кезінде принтерді өшірмеңіз. Сияны толтыру толық орындалмаса, басып шығару мүмкін болмайды.

Қатысты ақпарат

- ➔ “Сия картриджі кодтары” бетте 101
- ➔ “Сия картриджін ұстау туралы сақтандырулар” бетте 102

Уақытша қара сиямен басып шығару

Компьютерден басып шығарып жатқанда түрлі түсті сия таусылса және қара сия әлі де қалса, қысқа уақытқа тек қара сиямен басып шығаруды жалғастыруға болады.

- Қағаз түрі: қарапайым қағаздар, Хатқалта
- Түсі: **Сұр реңк**

Сия картридждарын ауыстыру

- Жиексіз: Таңдалмаған
- EPSON Status Monitor 3: Қосылған (тек Windows үшін)

Бұл мүмкіндік шамамен тек бес күн қол жетімді болатындықтан, тұтынылған сия картридждерін барынша тез арада ауыстырыңыз.



Ескертпе:

- Егер **EPSON Status Monitor 3** ажыратылса, принтер драйверіне кіріп, **Қызмет көрсету** қойындысындағы **Кеңейтілген параметрлер** түймесін басыңыз да, **EPSON Status Monitor 3 қосу** таңдаңыз.
- Қолжетімді мерзім пайдалану шарттарына байланысты болады.

Сия картридждарын ауыстыру

Уақытша қара сиямен басып шығару — Windows

1. Нұсқаулар терезесі шыққанда, басып шығарудан бас тартыңыз.



Ескертпе:

Басып шығаруды компьютерден болдырмау мүмкін болмаса, принтердің басқару тақтасын пайдаланып болдырмаңыз.

2. Принтер драйверінің терезесіне өтіңіз.
3. **Басты** қойындысында **Жиексіз** құсбелгісін алыңыз.

Сия картридждарын ауыстыру

4. **Басты** қойындысында **қарапайым қағаздар** немесе **Хатқалта Қағаз түрі** параметрі ретінде таңдаңыз.
5. **Сұр реңк** таңдаңыз.
6. **Басты** және **Қосымша опциялар** қойындыларындағы басқа элементтерді орнатыңыз да, **ОК** түймесін басыңыз.
7. **Басып шығару** түймесін басыңыз.
8. Көрсетілген терезеде **Қара түсте басып шығару** түймесін басыңыз.

Қатысты ақпарат

- ➔ “Қағазды Артқа қағаз беру ішіне салу” бетте 45
- ➔ “Басып шығару негіздері — Windows” бетте 60

Уақытша қара сиямен басып шығару — Mac OS


Ескертпе:

Бұл мүмкіндікті желі арқылы пайдалану үшін **Vonjour** көмегімен қосылыңыз.

1. **Док-станция** ішіндегі принтер белгішесін басыңыз.
2. Тапсырманы тоқтатыңыз.

Ескертпе:

Басып шығаруды компьютерден болдырмау мүмкін болмаса, принтердің басқару тақтасын пайдаланып тоқтатыңыз.

3.  мәзірі > **Принтерлер және сканерлер** (немесе **Басып шығару және сканерлеу, Басып шығару және факс**) тармағынан **Жүйе параметрлері** тармағын таңдап, принтерді таңдаңыз. **Опциялар және керек-жарақтар** > **Опциялар** (немесе **Драйвер**) түймесін басыңыз.
4. **On** параметрін **Permit temporary black printing** параметрі ретінде таңдаңыз.
5. Басып шығару диалогтық терезесіне кіріңіз.
6. Ашылмалы мәзірден **Принтер параметрлері** опциясын таңдаңыз.
7. **Қағаз өлшемі** параметрі ретінде жиексіз басып шығаруды қоспағанда, кез келген қағаз өлшемін таңдаңыз.
8. **қарапайым қағаздар** немесе **ХатқалтаТасушы түрі** параметрі ретінде таңдаңыз.
9. **Сұр реңк** параметрін таңдаңыз.
10. Қажетінше басқа элементтерді орнатыңыз.
11. **Басып шығару** түймесін басыңыз.

Сия картридждарын ауыстыру

Қатысты ақпарат

- ➔ “Басып шығаруды болдырмау — Mac OS” бетте 81
- ➔ “Қағазды Артқа қағаз беру ішіне салу” бетте 45
- ➔ “Басып шығару негіздері — Mac OS” бетте 62

Қара сия азайғанда қара сияны сақтау (тек Windows үшін)


Қара сия деңгейі азайғанда және түрлі түсті сия деңгейі жеткілікті болса, қара түс жасау үшін түрлі түсті сиялардың қоспасын пайдалануға болады. Қара сия картридждің ауыстыруға дайындау барысында басып шығаруды жалғастыруға болады.

Бұл мүмкіндік тек принтер драйверінен келесі параметрлерді таңдаған кезде қол жетімді болады.

- Қағаз түрі: **қарапайым қағаздар**
- Сапасы: **Стандартты**
- EPSON Status Monitor 3: Қосылған

Ескертпе:

- Егер **EPSON Status Monitor 3** ажыратылса, принтер драйверіне өтіңіз, **Кеңейтілген параметрлер** түймесін **Қызмет көрсету** қойындысынан басыңыз да, **EPSON Status Monitor 3 қосу** таңдаңыз.
- Құрамдас қара түс таза қара түстен сәл өзгеше болады. Оған қоса, басып шығару жылдамдығы азаяды.
- Басып шығару басының сапасын сақтау үшін қара түсте тұтынылады.



Опциялар	Сипаттама
Иә	Қара түс жасау үшін түрлі түсті сиялардың қоспасын пайдалануды таңдаңыз. Бұл терезе келесіде ұқсас тапсырманы басып шығарған кезде бейнеленеді.
Жоқ	Қалған қара сияны пайдалануды жалғастыруды таңдаңыз. Бұл терезе келесіде ұқсас тапсырманы басып шығарған кезде бейнеленеді.
Осы мүмкіндікті өшіру	Қалған қара сияны пайдалануды жалғастыруды таңдаңыз. Бұл терезе қара сия картридждің ауыстырылғанға және деңгейі қайтадан азайғанға дейін бейнеленбейді.

Принтерге техникалық қызмет көрсету

Басып шығару механизмін тексеру және тазалау

Егер шүмектер бітелген болса, баспалар өңсіз болады, көрінетін жолақтар немесе күтпеген түстер пайда болады. Басып шығару сапасы төмендесе, шүмекті тексеру мүмкіндігін пайдаланып, шүмектердің бітелгенін тексеріңіз. Егер шүмектер бітелген болса, басып шығару механизмін тазалаңыз.

Маңызды:


- Сканер бөлігін ашпаңыз немесе басып шығару механизмін тазалау барысында принтерді өшірмеңіз. Механизмді тазалау аяқталмаса, басып шығару мүмкін болмайды.
- Басып шығару механизмді аздап сия қолданатын болғандықтан, басып шығару механизмін тек сапа нашарлаған кезде тазалаңыз.
- Сия аз болса, басып шығару механизмін тазалай алмауыңыз мүмкін. Алдымен сия картриджін ауыстырыңыз.
- Егер басып шығару сапасы саңылау тексеруді және басып шығару механизмін тазалауды төрт рет қайталағаннан кейін жақсартылмаса, кемінде алты сағат бойы басып шығармаңыз, одан кейін қажет болса, саңылау тексеруді іске қосыңыз және басып шығару механизмін тазалауды қайталаңыз. Принтерді өшіруге кеңес беріледі. Егер басып шығару сапасы әлі де жақсармаса, Epson қолдау көрсету қызметіне хабарласыңыз.
- Басып шығару механизмнің құрғап қалуын болдырмау үшін қуат қосулы кезде принтерді желіден ажыратпаңыз.

Басып шығару механизмін тексеру және тазалау — басқару тақтасы

1. Принтерге А4 өлшемді жай қағазды салыңыз.
2. Бастапқы экраннан **Параметрді орнату** тармағына ◀ немесе ▶ түймесін пайдаланып кіріңіз, содан кейін ОК түймесін басыңыз.
3. **Техн.қызмет көрсету** тармағын ▲ немесе ▼ түймесін пайдаланып таңдаңыз, содан кейін ОК түймесін басыңыз.
4. **Саңылауды тексеру** тармағын ▲ немесе ▼ түймесін пайдаланып таңдаңыз, содан кейін ОК түймесін басыңыз.
5. Шүмек тексеру үлгісін басып шығару үшін экрандық нұсқауларды орындаңыз.

Принтерге техникалық қызмет көрсету

6. Басып шығарылған үлгіні тексеріңіз. Егер «NG» үлгісінде көрсетілгендей үзік сызықтар болса немесе сегменттер жоқ болса, басып шығару механизмінің шүмектері бітелген болуы мүмкін. Келесі қадамға өтіңіз. Келесі «OK» үлгісіндегідей үзік сызықтар немесе жоқ сегменттер болмаса, шүмектер бітелмеген. Басып шығару механизмін тазалау қажет емес. **Саңылауды текс.аяқтау** тармағын ▲ немесе ▼ түймесін пайдаланып таңдаңыз, содан кейін ОК түймесін басыңыз.



Ескертпе:

Тексеру суреті үлгіге байланысты өзгеруі мүмкін.

7. **Басын тазалау** тармағын ▲ немесе ▼ түймесін пайдаланып таңдаңыз, содан кейін ОК түймесін басыңыз.
8. Басып шығару механизмін тазалау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
9. Тазалау аяқталғанда **Саңылауды тексеру** пәрменін ▲ немесе ▼ түймесін пайдаланып таңдаңыз, содан кейін шүмектерді тексеру үлгісін қайтадан басып шығару үшін экрандық нұсқауларды орындаңыз. Барлық жолдар толығымен басып шығарылғанша тазалау мен үлгіні басып шығаруды қайталаңыз.

Қатысты ақпарат

➔ [“Қағазды Артқа қағаз беру ішіне салу” бетте 45](#)


Басып шығару басын тексеру және тазалау - Windows

1. А4 өлшемді қарапайым қағазды принтерге жүктеңіз.
2. Принтер драйверінің терезесіне өтіңіз.
3. **Саңылауды тексеру** қойындысындағы **Қызмет көрсету** түймесін басыңыз.
4. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Қатысты ақпарат

- ➔ [“Қағазды Артқа қағаз беру ішіне салу” бетте 45](#)
- ➔ [“Windows Принтер драйвері” бетте 129](#)

Басып шығару механизмін тексеру және тазалау — Mac OS

1. Принтерге А4 өлшемді қарапайым қағазды салыңыз.
2.  мәзірі > **Принтерлер және сканерлер** (немесе **Басып шығару және сканерлеу, Басып шығару және факс**) тармағынан **Жүйе параметрлері** тармағын таңдап, принтерді таңдаңыз.
3. **Параметрлер және жабдықтар > Утилиты > Принтер утилитасын ашу** түймесін басыңыз.
4. **Саңылауды тексеру** түймесін басыңыз.
5. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Қатысты ақпарат

➔ [“Қағазды Артқа қағаз беру ішіне салу” бетте 45](#)

Басып шығару механизмін туралау

Егер тік сызықтардың дұрыс емес туралануын немесе бұлдыраған кескіндерді байқасаңыз, басып шығару механизмін туралаңыз.


Басып шығару механизмін туралау — басқару тақтасы

1. Принтерге А4 өлшемді жай қағазды салыңыз.
2. Бастапқы экраннан **Параметрді орнату** тармағына ◀ немесе ▶ түймесін пайдаланып кіріңіз, содан соң ОК түймесін басыңыз.
3. **Техн.қызмет көрсету** тармағын ▲ немесе ▼ түймесін пайдаланып таңдаңыз, содан соң ОК түймесін басыңыз.
4. **Бас.шығ.басын туралау** тармағын ▲ немесе ▼ түймесін пайдаланып таңдаңыз, содан соң ОК түймесін басыңыз.
5. Туралау үлгісін басып шығару үшін экрандық нұсқауларды орындаңыз.

Принтерге техникалық қызмет көрсету

6. Басып шығару механизмін туралау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз. ▲ немесе ▼ түймесін пайдаланып әр топта ең қалың үлгіні табыңыз және ол үшін нөмірді таңдаңыз, содан соң ОК түймесін басыңыз.

#1



Ескертпе:

- Тексеру суреті үлгіге байланысты өзгеруі мүмкін.
- Егер басып шығару сапасы жақсармаса, басып шығару механизмін компьютерден туралаңыз.

Қатысты ақпарат

- ➔ ["Қағазды Артқа қағаз беру ішіне салу" бетте 45](#)


Басып шығару механизмін туралау — Windows

1. Принтерге А4 өлшемді жай қағазды салыңыз.
2. Принтер драйверінің терезесіне өтіңіз.
3. **Басып шығару басын калибрлеу** қойындысындағы **Қызмет көрсету** түймесін басыңыз.
4. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Қатысты ақпарат

- ➔ ["Қағазды Артқа қағаз беру ішіне салу" бетте 45](#)
➔ ["Windows Принтер драйвері" бетте 129](#)

Басып шығару механизмін туралау — Mac OS

1. Принтерге А4 өлшемді қарапайым қағазды салыңыз.
2.  мәзірі > **Принтерлер және сканерлер** (немесе **Басып шығару және сканерлеу, Басып шығару және факс**) тармағынан **Жүйе параметрлері** тармағын таңдап, принтерді таңдаңыз.
3. **Параметрлер және жабдықтар** > **Утилиты** > **Принтер утилитасын ашу** түймесін басыңыз.
4. **Print Head Alignment** түймесін басыңыз.

Принтерге техникалық қызмет көрсету

5. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Қатысты ақпарат

➔ [“Қағазды Артқа қағаз беру ішіне салу” бетте 45](#)

Қағаз жолын тазалау

Егер басып шығарылған қағаз әлі де айғыз не сыдырылған болса, роликтің ішін тазалаңыз.



Маңызды:

Принтер ішін тазалау үшін папирос қағазды пайдаланбаңыз. Басып шығару механизмінің шүмектері талшықтармен бітелуі мүмкін.

1. Сканер әйнегі және құжат қақпағының бетінде шаң немесе дақтар жоқ екенін тексеріңіз.
2. Бастапқы экраннан **Параметрді орнату** тармағына ◀ немесе ▶ түймесін пайдаланып кіріңіз, содан соң ОК түймесін басыңыз.
3. **Техн.қызмет көрсету** тармағын ▲ немесе ▼ түймесін пайдаланып таңдаңыз, содан соң ОК түймесін басыңыз.
4. **Қағ.бағыттауышты тазалау** тармағын ▲ немесе ▼ түймесін пайдаланып таңдаңыз, содан соң ОК түймесін басыңыз.
5. Принтерге А4 өлшемді жай қағазды салыңыз.
6. ◊ түймесін басыңыз.
Қағаз принтерден шығарылады.

Ескертпе:

Қағаз шығарылғаннан кейін принтер дыбыс шығуын тоқтатпайды. Бұл қалыпты жағдай және ақаулық белгісі емес.

7. Қағазға сия жағылмай тұрып осы процедураны қайталаңыз.

Қатысты ақпарат

➔ [“Қағазды Артқа қағаз беру ішіне салу” бетте 45](#)

Сканер әйнегі тазалау


Көшірмелер немесе сканерленген кескіндер жағылған болса, Сканер әйнегі құрылғысын тазалаңыз.

Принтерге техникалық қызмет көрсету

! **Маңызды:**

Принтерді тазалау үшін ешқашанда спирт немесе еріткіш қолданбаңыз. Бұл химиялық құралдар принтерді зақымдауы мүмкін.

1. Құжат қақпағын ашыңыз.



2. Сканер әйнегі беткі жағын жұмсақ, құрғақ, таза шүберекпен тазалаңыз.

! **Маңызды:**

- Егер әйнектің беті майланса немесе кетіру қиын қатты материал болса, оны кетіру үшін аздап әйнек тазартқыш құралы мен жұмсақ шүберекті қолданыңыз. Барлық қалған сұйықтықты сүртіп алыңыз.*
- Шыны бетті қатты басуға болмайды.*
- Шыны бетіне сызат түспеуіне немесе зақымданбауына мұқият болыңыз. Зақымдалған әйнек беті сканерлеу сапасын төмендетеді.*

Мөлдір пленканы тазалау


Басып шығару механизмін туралағаннан немесе қағаз жолын тазалағаннан кейін басып шығару жақсармаса, принтердің ішіндегі мөлдір пленка былғануы мүмкін.

Қажетті элементтер:

- Мақта тампоны (бірнешеу)
- Жуу құралының бірнеше тамшысы бар су (1/4 ыдыс судағы жуу құралының 2 – 3 тамшысы)
- Жағылуларды тексеруге арналған жарық


! **Маңызды:**

Жуу құралының бірнеше тамшысы қосылған судан басқа тазалау сұйықтығын пайдаланбаңыз.

1.  түймесін басып, принтерді өшіріңіз.


Принтерге техникалық қызмет көрсету

2. Сканер бөлігін ашыңыз.



3. Мөлдір пленка былғанбағанын тексеріңіз. Жарық арқылы майларды оңай көруге болады.

Желі қосылымы: EPSON XXXX сериясы (желі)

Принтер драйверін бірнеше рет орнатсаңыз, принтер драйверінің көшірмелері жасалуы мүмкін. «EPSON XXXX сериясы (1-көшірме)» сияқты көшірмелер жасалса, көшірілген драйвер белгішесін тінтуірдің оң жағымен басып, **Құрылғыны жою** түймесін басыңыз.

- ❑ Принтер портының **Принтер** мәзірінен **Сипат > Порт** бөлімінде дұрыс таңдалғанын тексеріңіз.
USB байланысы үшін «**USBXXX**» таңдаңыз немесе желілік қосылым үшін «**EpsonNet Print Port**» таңдаңыз.

Компьютерден принтердің күйін тексеру (Mac OS)

Принтер күйі **Кідірту** күйінде емес екенін тексеріңіз.

 мәзірі > **Принтерлер және сканерлер** (немесе **Басып шығару және сканерлеу, Басып шығару және факс**) тармағынан **Жүйе параметрлері** таңдап, принтерді екі рет басыңыз. Принтер кідірілсе, **Қалпына келтіру** (не **Принтерді қалпына келтіру**) түймесін басыңыз.

Желі реттеулерін жасау мүмкін болмағанда

- ❑ Желіні қосу қажет құрылғыларды өшіріңіз. Шамамен 10 секунд күтіп, құрылғыларды келесі ретпен қосыңыз; кіру нүктесі, компьютер немесе смарт құрылғы, содан соң принтер. Радио толқынды байланысты жақсарту үшін принтерді және компьютерді немесе смарт құрылғыны кіру нүктесіне жақындатып, желі реттеулерін қайта жасаңыз.
- ❑ **Параметрді орнату** > **Желі параметрлері** > **Байланысты тексеру** параметрін таңдап, желі қосылымының есебін басып шығарыңыз. Егер қате пайда болса, желі қосылымы есебін тексеріп, басып шығарылған шешімдерді орындаңыз.


Қатысты ақпарат

- ➔ [“Желі қосылымының есебіндегі хабарлар және шешімдер” бетте 33](#)
- ➔ [“Желі параметрлерінде проблемалар болмаса да, құрылғылардан қосылу мүмкін емес” бетте 154](#)

Желі параметрлерінде проблемалар болмаса да, құрылғылардан қосылу мүмкін емес


Желі қосылымының есебі ешқандай проблемаларды көрсетпесе де, принтерге компьютерден немесе смарт құрылғыдан қосылу мүмкін емес болса, келесіні қараңыз.

- ❑ Бірнеше кіру нүктелерін бірдей уақытта пайдаланғанда, кіру нүктелерінің параметрлеріне байланысты компьютерден немесе смарт құрылғыдан принтерді пайдалана алмайсыз. Компьютерді немесе смарт құрылғыны принтердің кіру нүктесіне қосыңыз. Егер қосылу болса, смарт құрылғыдағы байланыстыру функциясын ажыратыңыз.




Ақаулықтарды шешу

- ❑ Кіру нүктесінде бірнеше SSID идентификаторы болғанда және құрылғылар бірдей кіру нүктесіндегі әртүрлі SSID идентификаторларына қосылғанда кіру нүктесіне қосылу мүмкін емес. Компьютерді немесе смарт құрылғыны принтердікімен бірдей SSID идентификаторына қосыңыз.




- ❑ IEEE802.11a және IEEE802.11g стандартына сәйкес келетін кіру нүктесінде 2,4 ГГц және 5 ГГц жиілігіндегі SSID идентификаторлары бар. Егер компьютерді немесе смарт құрылғыны 5 ГГц жиілігіндегі SSID идентификаторына қоссаңыз, принтерге қосылу мүмкін емес, себебі принтер тек 2,4 ГГц жиіліктен жоғары байланысты қолдайды. Компьютерді немесе смарт құрылғыны принтердікімен бірдей SSID идентификаторына қосыңыз.



Ақаулықтарды шешу

- ❑ Көпшілік кіру нүктелерінде қосылған құрылғылар арасындағы байланысты блоктайтын құпиялық бөлгіш мүмкіндігі бар. Егер принтер мен компьютер немесе смарт құрылғы бірдей желіге қосыла да, олардың арасында байланысу мүмкін емес болса, кіру нүктесіндегі құпиялық бөлгішті ажыратыңыз. Мәліметтер алу үшін кіру нүктесімен бірге берілген нұсқаулықты қараңыз.



Қатысты ақпарат

- ➔ [“Принтерге қосылған SSID идентификаторын тексеру” бетте 156](#)
- ➔ [“Компьютерге арналған SSID идентификаторын тексеру” бетте 157](#)

Принтерге қосылған SSID идентификаторын тексеру

Параметрді орнату > **Желі параметрлері** > **Желі күйі** параметрін таңдаңыз. SSID идентификаторлары әрбір Wi-Fi желісінде және Wi-Fi Direct желісінде көрсетіледі.

Компьютерге арналған SSID идентификаторын тексеру

Windows

Жұмыс үстеліндегі тапсырма науасынан  түймесін басыңыз. Көрсетілген тізімнен қосылған SSID атауын тексеріңіз.



Mac OS

Компьютер экранының жоғарғы жағындағы Wi-Fi белгішесін басыңыз. SSID идентификаторларының тізімі көрсетіледі және қосылған SSID идентификаторы белгімен көрсетіледі.



iPhone немесе iPad құрылғысынан басып шығару мүмкін емес

- iPhone немесе iPad құрылғысын бірдей желіге (SSID) принтер ретінде қосыңыз.
- Қағаз конфигурациясы** параметрін келесі мәзірлерде қосыңыз.
Параметрді орнату > Принтер парам. орнату > Қағаз көзінің параметрі > Қағаз конфигурациясы
- AirPrint параметрін Web Config бөліміненде қосыңыз.

Қатысты ақпарат

- ➔ [“Смарт құрылғыға қосу” бетте 25](#)
- ➔ [“Web Config” бетте 127](#)

Басып шығару уақытша тоқтатылды

Егер үлкен мөлшерлі кескінді басып шығаратын болсаңыз, басып шығару уақытша тоқтатылып, қағаз шығарылуы мүмкін. Кескінді төмен ажыратымдылықпен немесе кішірек өлшемде басып шығарыңыз.

Басып шығару ақаулары


Басып шығару — тырналған немесе бояу — жоқ

Егер принтерді ұзақ уақыт пайдаланбаған болсаңыз, басып шығару механизмінің шүмегі бітеліп қалуы не сия тамшылары шығарылмауы мүмкін. Шүмек тексеруін орындаңыз және басып шығару механизміндегі шүмектердің кез келгені бітелген жағдайда басып шығару механизмін тазалаңыз.

Қатысты ақпарат

- ➔ [“Басып шығару механизмін тексеру және тазалау” бетте 112](#)

Жолақтар немесе күтпеген түстер пайда болады




Ақаулықтарды шешу

Басып шығару механизмінің шүмектері бітелуі мүмкін. Басып шығару механизмінің шүмектері бітелгенін не бітелмегенін тексеру үшін шүмекті тексеріңіз. Басып шығару механизмі шүмектерінің бітелген болса, басып шығару механизмін тазалаңыз.

Қатысты ақпарат

→ [“Басып шығару механизмін тексеру және тазалау” бетте 112](#)

Түсті жолақ шамамен 2.5 см аралықпен шығады



- Принтерге жүктелген түрге сәйкес келетін тиісті қағаз түрін таңдаңыз.
- Басып шығару механизмін компьютерден туралаңыз.
- Жай қағазда басып шығарғанда жоғары сапалы параметрмен басып шығарыңыз.

Қатысты ақпарат

- [“Қағаз түрлерінің тізімі” бетте 44](#)
- [“Басып шығару механизмін туралау — Windows” бетте 115](#)
- [“Басып шығару механизмін туралау — Mac OS” бетте 115](#)

Бұлдыр басып шығарулар, тік жолақ немесе қисаю



enthalten alle
Aufdruck. W
↓ 5008 "Regel

Басып шығару механизмін туралаңыз.

Қатысты ақпарат

→ [“Басып шығару механизмін туралау” бетте 114](#)

Ақаулықтарды шешу


Басып шығару сапасы басып шығару механизмін туралағаннан кейін де жақсармайды

Қос бағытты (немесе жоғары жылдамдықты) басып шығару кезінде басып шығару механизмi екі бағытта жылжығанда да басып шығарады және тік сызықтар тура болмауы мүмкін. Егер басып шығару сапасы жақсармаса, қос бағытты (немесе жоғары жылдамдықты) параметрді өшіріңіз. Осы параметрді өшіру басып шығару жылдамдығын баяулатуы мүмкін.

Windows

Принтер драйверінің **Жоғары жылдамдық** қойындысындағы **Қосымша опциялар** параметрін өшіріңіз.

Mac OS

 мәзірі > **Принтерлер және сканерлер** (немесе **Басып шығару және сканерлеу, Басып шығару және факс**) тармағынан **Жүйе параметрлері** тармағын таңдап, принтерді таңдаңыз. **Опциялар және керек-жарақтар** > **Опциялар** (немесе **Драйвер**) түймесін басыңыз. **Off** параметрін **High Speed Printing** параметрі ретінде таңдаңыз.

Басып шығару сапасы нашар

Басып шығару сапасы бұлдыр баспа, жолақтар, жетіспейтін түстер, күңгірт түстер, басып шығарулардағы қисаюға байланысты нашар болса, келесілерді тексеріңіз.

Принтерді тексеру

- Шүмек тексеруін орындаңыз және басып шығару механизміндегі шүмектердің кез келгені бітелген жағдайда басып шығару механизмін тазалаңыз.
- Басып шығару механизмін туралаңыз.

Қағазды тексеру

- Осы принтер қолдайтын қағазды пайдаланыңыз.
- Дымқыл, зақымдалған немесе тым ескі қағазда басып шығармаңыз.
- Қағаз бұралып кетсе немесе хатқалта қампайса, оны тегістеңіз.
- Басып шығарудан кейін қағазды бірден бумалап қоймаңыз.
- Толтыру немесе көрсетудің алдында басып шығарылған парақтарды толығымен құрғатыңыз. Басып шығарылған парақтарды құрғату барысында тікелей күн көзінің түсуіне жол бермеңіз, құрғатқышты пайдаланбаңыз және басып шығарылған бетті қолмен ұстамаңыз.
- Кескіндер немесе фотосуреттерді басып шығару кезінде Epson компаниясы жай қағаздың орнына түпнұсқалы Epson қағазын қолдануды ұсынады. Түпнұсқалы Epson қағазының басылатын бетінде басып шығарыңыз.

Басып шығару параметрлерін тексеру

- Принтерге жүктелген түрге сәйкес келетін тиісті қағаз түрін таңдаңыз.
- Жоғары сапа параметрімен басып шығарыңыз.

Сия картриджін тексеру

- Epson сия картриджін бумада басылған күнге дейін қолдануды ұсынады.

Ақаулықтарды шешу


- Ең жақсы нәтиже алу үшін сия картридждерін буманы ашқаннан кейін алты ай ішінде қолданыңыз.
- Түпнұсқа Epson сия картридждерін қолдануға тырысыңыз. Бұл құрылғы түпнұсқа Epson сия картридждерін қолдануға негізделген түстерді реттеуге жасалған. Түпнұсқа емес сия картридждерін қолдану басып шығару сапасының төмендеуіне себеп болуы мүмкін.

Қатысты ақпарат

- ➔ [“Қолжетімді қағаз және сыйымдылықтар” бетте 43](#)
- ➔ [“Қағаз түрлерінің тізімі” бетте 44](#)
- ➔ [“Қағазды ұстау туралы сақтандырулар” бетте 42](#)
- ➔ [“Басып шығару механизмін тексеру және тазалау” бетте 112](#)
- ➔ [“Басып шығару механизмін туралау” бетте 114](#)

Қағаз жағылған немесе желінген

- Көлденең жолақтар пайда болса немесе қағаздың жоғарғы немесе төменгі жағы ластанса, қағазды дұрыс бағытта салыңыз және жиек бағыттауыштарын қағаздың жиектеріне жылжытыңыз.



- Тік жолақ пайда болса немесе қағаз ластанса, қағаз жолын тазалаңыз.



- Қағаздың бұрмаланғанын тексеру үшін оны тегіс бетке қойыңыз. Егер ол бұрмаланған болса, оны тегістеңіз.
- Қолмен 2 жақтсы басып шығаруды орындағанда қағазды қайта жүктеуден бұрын сияның толық кепкенін тексеріңіз.

Қатысты ақпарат

- ➔ [“Қағазды Артқа қағаз беру ішіне салу” бетте 45](#)
- ➔ [“Қағаз жолын тазалау” бетте 116](#)

Басып шығарылған фотосуреттің беті ылғалды

Фотосурет қағазының дұрыс емес жағында басып шығарып жатқан болуыңыз мүмкін. Басып шығаруға арналған жағында басып шығарып жатқаныңызды тексеріңіз.

Фотосурет қағазының қате бетінде басып шығарғанда, қағаз жолын тазалау қажет.

Қатысты ақпарат

→ [“Қағаз жолын тазалау” бетте 116](#)

Кескіндер не суреттер күтпеген түстермен басып шығарылады

Windows принтерінің драйверінен басып шығарғанда, әдепкі бойынша Epson автоматты фотосуретті реттеу параметрі қағаз түріне байланысты қолданылады. Параметрді өзгертіп көріңіз.

Қосымша опциялар қойындысында **Түсті түзету** бөлімінен **Өзгертпелі** параметрін таңдаңыз, содан соң **Жетілдірілген** түймесін басыңыз. **Көріністі түзету** параметрін **Авто түзету** опциясынан басқа опцияға өзгертіңіз. Егер параметрді өзгерту жұмыс істемесе, **Түсті басқару** бөлімінде **PhotoEnhance** параметрінен басқа кез келген түс қосылымының әдісін пайдаланыңыз.

Қатысты ақпарат

→ [“Басып шығару түсін реттеу” бетте 76](#)

Түстер дисплейде көрсетілетіннен өзгеше

- Өз дисплей сипаттамалары бар компьютердің экрандары сияқты көрсету құрылғылары. Егер дисплей теңгерілмеген болса, кескін тиісті жарықтықпен және түстермен көрсетілмейді. Құрылғының сипаттамаларын реттеңіз.
- Жарық дисплейге түсіп, кескіннің дисплейде көрсетілу әдісіне әсер етеді. Тікелей күн сәулесінен қорғап, тиісті жарықтану қамтамасыз ететін кескінді растаңыз.
- Түстер жоғары ажыратымдылықты дисплейлері бар смартфондар мен планшеттер сияқты смарт құрылғыларда көргеннен өзгеше болуы мүмкін.
- Дисплейдегі түстер қағаздағымен бірдей емес, себебі көрсету құрылғысы мен принтерде әртүрлі түстерді өңдеу процесі бар.

Жиектерсіз басып шығару мүмкін емес

Басып шығару параметрлерінде жиексіз параметрді жасаңыз. Жиексіз басып шығаруды қолдамайтын қағаз түрін таңдасаңыз, **Жиексіз** параметрін таңдай алмайсыз. Жиексіз басып шығаруды қолдайтын қағаз түрін таңдаңыз.

Қатысты ақпарат

→ [“Фотосур. бас.шығару режиміне арналған мәзір опциялары” бетте 59](#)

→ [“Көшіру режиміне арналған мәзір опциялары” бетте 82](#)

→ [“Басып шығару негіздері — Windows” бетте 60](#)

Ақаулықтарды шешу

➔ [“Басып шығару негіздері — Mac OS” бетте 62](#)

Жиексіз басып шығару кезінде суреттің жиектері кесіледі

Жиексіз басып шығару кезінде кескін аздап үлкейтіледі және шығып тұрған аумақ кесіледі. Кішірек үлкейту параметрін таңдаңыз.

Windows

Принтер драйверінің **Басты** қойындысындағы **Жиексіз** ұяшығының жанындағы **Параметрлер** опциясын басып, параметрлерді өзгертіңіз.

Mac OS

Басып шығару диалогының **Принтер параметрлері** мәзірінен **Кеңейту** параметрін өзгертіңіз.

Басып шығарылатын құжаттың **Позиция, Өлшем не Жиектер** параметрлері қате

Қағазды дұрыс бағытта жүктеп, жиек бағыттауыштарын қағаздың жиектеріне қарсы бағытта сырғытыңыз.

Түпнұсқаларды Сканер әйнегі бетіне қойғанда түпнұсқаның бұрышын сканер әйнегінің жақтауындағы таңбамен көрсетілген бұрышпен туралаңыз. Егер көшірменің жиектері қиып алынған болса, түпнұсқаны бұрыштан сәл алыстатыңыз.

Түпнұсқаларды Сканер әйнегі бетіне қойғанда, Сканер әйнегі тазалаңыз және құжат қақпағын тазалаңыз. Егер шыныға шаң не лас тұрса, көшіру аймағына шаң мен лас тұрып, бұл қате басып шығару орналасуына немесе кішкентай кескіндерге әкелуі мүмкін.

Дұрыс қағаз өлшемі параметрін таңдаңыз.

Қолданбада басылатын аумаққа сыятындай шет параметрін реттеңіз.

Қатысты ақпарат

➔ [“Қағазды Артқа қағаз беру ішіне салу” бетте 45](#)

➔ [“Түпнұсқаларды Сканер әйнегі үстіне қою” бетте 49](#)

➔ [“Сканер әйнегі тазалау” бетте 116](#)

➔ [“Басып шығарылатын аймақ” бетте 174](#)

Бірнеше түпнұсқалар бір параққа көшіріледі

Бірнеше түпнұсқаны бөлек көшіру үшін Сканер әйнегі бетіне қойсаңыз, бірақ олар бір параққа көшірілсе, түпнұсқаларды кемінде 5 мм алшақ қойыңыз. Егер ақау жойылмаса, бір мезгілде бір түпнұсқадан қойыңыз.

Қатысты ақпарат

➔ [“Көшірмесі жасалатын фотосуреттерді қою” бетте 50](#)

Ақаулықтарды шешу

Басып шығарылған таңбалар қате не бұрмаланған

- USB кабелін қауіпсіз түрде принтерге және компьютерге жалғаңыз.
- Кез келген уақытта тоқтатылған басып шығару тапсырмаларынан бас тартыңыз.
- Басып шығару кезінде компьютерді қолмен **Гибернация** режиміне не **Күту** режиміне қоймаңыз. Бұрмаланған мәтін беттері компьютерді іске қосқан келесі сәтте басып шығарылады.

Қатысты ақпарат

➔ [“Басып шығаруды болдырмау” бетте 81](#)

Басып шығарылған кескін керісінше шыққан

Принтер драйверіндегі немесе қолданбадағы кез келген айналы кескін параметрін алып тастаңыз.

- Windows
Принтер драйверінің **Айна** қойындысындағы **Қосымша опциялар** параметрін өшіріңіз.
- Mac OS
Басып шығару диалогтық терезесінің **Mirror Image** мәзірінде **Принтер параметрлері** ұяшығынан белгіні алыңыз.

Басып шығарулар бөліміндегі мозаикаға ұқсас пішімдер

Кескіндер немесе фотосуреттерді басып шығару кезінде жоғары ажыратымдылықты деректі пайдаланып басып шығарыңыз. Веб-сайттардағы кескіндер дисплейде жақсы көрінгенімен, жиі төмен ажыратымдылықпен беріледі, сондықтан басып шығару сапасы төмендеуі мүмкін.

Көшірілген кескінде біркелкі емес түстер, жағылулар, нүктелер немесе түзу сызықтар пайда болады

- Қағаз жолын тазалаңыз.
- Сканер әйнегі тазалаңыз.
- Түпнұсқаларды Сканер әйнегі бетіне қойғанда түпнұсқа немесе құжат қақпағын тым қатты баспаңыз.
- Қағаз ластанса, көшіру тығыздығы параметрін төмен мәнге қойыңыз.

Қатысты ақпарат

- ➔ [“Қағаз жолын тазалау” бетте 116](#)
- ➔ [“Сканер әйнегі тазалау” бетте 116](#)
- ➔ [“Көшіру режиміне арналған мәзір опциялары” бетте 82](#)

Көшірілген кескінде муар (айқасқан тор) белгілері пайда болады

Кішірейту және үлкейту параметрін өзгертіңіз немесе түпнұсқаны сәл басқаша бұрышпен орналастырыңыз.

Қатысты ақпарат

➔ [“Көшіру режиміне арналған мәзір опциялары” бетте 82](#)

Түпнұсқаның артқы жағындағы сурет көшірілген суретте пайда болады

- Жұқа түпнұсқа үшін түпнұсқаны Сканер әйнегі үстіне қойыңыз және оның үстіне бір парақ қара қағаз қойыңыз.
- Басқару тақтасындағы көшіру тығыздығы параметрін азайтыңыз.

Қатысты ақпарат

➔ [“Көшіру режиміне арналған мәзір опциялары” бетте 82](#)

Басып шығару ақауын жою мүмкін болмады.

Егер барлық шешімдерді байқап көрсеңіз және ақауды жоя алмасаңыз, принтер драйверін жойып, қайта орнатып көріңіз.

Қатысты ақпарат

- ➔ [“Қолданбаларды жою” бетте 139](#)
- ➔ [“Қолданбаларды орнату” бетте 140](#)

Басып шығарудың басқа қиындықтары

Басып шығару тым баяу

- Кез келген қажет емес бағдарламаларды жабыңыз.
- Сапа параметрін төмен мәнге қойыңыз. Жоғары сапалы баспа басып шығару жылдамдығын баяулатады.


Ақаулықтарды шешу

Екі бағытты (не жоғары жылдамдықты) параметрді іске қосыңыз. Параметр қосылғанда басып шығару механизмі екі бағытта жылжығанда да басып шығарады және басып шығару жылдамдығы артады.

Windows

Принтер драйверінің **Жоғары жылдамдық** қойындысында **Қосымша опциялар** таңдаңыз.

Mac OS

Жүйе параметрлері тармағын  мәзірінен > **Принтерлер және сканерлер** (немесе **Басып шығару және сканерлеу, Басып шығару және факс**) тармағынан таңдап, принтерді таңдаңыз. **Опциялар және керек-жарақтар** > **Опциялар** (немесе **Драйвер**) түймесін басыңыз. **On** күйін **High Speed Printing** параметрі ретінде таңдаңыз.

Дыбыссыз режим өшіріңіз.


Басқару тақтасы

Негізгі экраннан **Тыныштық режимі** опциясын таңдап, оны ажыратыңыз.

Windows

Өшіру параметрін принтер драйверінің **Дыбыссыз режим** қойындысындағы **Басты** параметрі ретінде таңдаңыз.

Mac OS


Жүйе параметрлері тармағын  мәзірінен > **Принтерлер және сканерлер** (немесе **Басып шығару және сканерлеу, Басып шығару және факс**) тармағынан таңдап, принтерді таңдаңыз. **Опциялар және керек-жарақтар** > **Опциялар** (немесе **Драйвер**) түймесін басыңыз. **Off** күйін **Дыбыссыз режим** параметрі ретінде таңдаңыз.

Үздіксіз басып шығару кезінде басып шығару кенеттен баяулайды

Басып шығару механизмінің қызып кетіп, зақымдалуын болдырмау үшін басып шығару баяулайды. Дегенмен, басып шығаруды жалғастыруға болады. Қалыпты басып шығару жылдамдығына оралу үшін принтерді жұмыссыз 30 минутқа қалдырыңыз. Қуат өшірулі болса, басып шығару жылдамдығы қалыпты мәніне оралмайды.

Mac OS X v10.6.8 жүйесін пайдаланатын компьютерден басып шығаруды тоқтату мүмкін емес

Компьютеріңізден басып шығаруды тоқтатқыңыз келсе, келесі параметрлерді реттеңіз.

Web Config бағдарламасын іске қосыңыз, сонан соң **Port9100** портын **Ең жоғары басымдылық протоколы** параметрі ретінде **AirPrint орнату** бөлімінде таңдаңыз.  > **Принтерлер және сканерлер** (немесе **Басып шығару және сканерлеу, Басып шығару және факс**) мәзірінен **Жүйе параметрлері** таңдаңыз, принтерді алыңыз, содан кейін принтерді қайта қосыңыз.

Қатысты ақпарат

➔ [“Web Config” бетте 127](#)

Сканерлеуді бастау мүмкін емес

- USB кабелін принтерге және компьютерге мұқият жалғаңыз. Егер USB хабын пайдалансаңыз, принтерді компьютерге тікелей қосып көріңіз.
- Егер желі арқылы жоғары ажыратымдылықпен сканерлесеніз, байланыс қатесі орын алуы мүмкін. Ажыратымдылықты азайтыңыз.
- Epson Scan 2 құрылғысында дұрыс принтер (сканер) таңдалғанын тексеріңіз.

Windows жүйесін пайдаланғанда принтер анықталғанын немесе анықталмағанын тексеріңіз

Windows жүйесінде принтер (сканер) **Сканер және камера** бөлімінде көрсетілгенін тексеріңіз. Принтер (сканер) «EPSON XXXXX (принтер атауы)» түрінде көрсетілуі керек. Егер принтер (сканер) көрсетілмесе, Epson Scan 2 бағдарламасын жойып, қайта орнатыңыз. **Сканер және камера** терезесіне кіру үшін төмендегіні қараңыз.

Windows 10

Бастау түймесін тінтуірдің оң жағымен басыңыз немесе басып тұрыңыз, **Басқару тақтасы** түймесін таңдап, іздеу жолағына «Сканер және камера» деп жазып, **Сканерлер мен камераларды көру** түймесін басып, принтердің көрсетілгенін тексеріңіз.

Windows 8.1/Windows 8

Жұмыс үстелі > Параметрлер > Басқару тақтасы тармағын таңдап, іздеу жолағына «Сканер және камера» деп енгізіңіз де, **Сканер және камера көрсету** түймесін басып, принтер көрсетілгенін тексеріңіз.

Windows 7

Бастау түймесін басып, **Басқару тақтасы** түймесін таңдап, іздеу жолағына «Сканер және камера» деп жазып, **Сканерлер мен камераларды көру** түймесін басып, принтердің көрсетілгенін тексеріңіз.

Windows Vista

Бастау түймесін басып, **Басқару тақтасы > Жабдық және дыбыс > Сканерлер және камералар** тармағын таңдаңыз, содан соң принтер көрсетілгенін тексеріңіз.

Windows XP

Бастау түймесін басып, **Басқару тақтасы > Принтерлер және басқа жабдық > Сканер және камералар** түймесін таңдап, принтер көрсетілгенін тексеріңіз.

Қатысты ақпарат

- ➔ [“Қолданбаларды жою” бетте 139](#)
- ➔ [“Қолданбаларды орнату” бетте 140](#)

Сканерлеуді басқару тақтасының көмегімен бастау мүмкін емес

- Epson Scan 2 және Epson Event Manager дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз.
- Epson Event Manager ішінде тағайындалған сканерлеу параметрін тексеріңіз.

Қатысты ақпарат

- ➔ [“Epson Scan 2 \(Сканер драйвері\)” бетте 135](#)
- ➔ [“Epson Event Manager” бетте 136](#)

Сканерленген сурет ақаулары

Сканер әйнегінен сканерлеген кезде біркелкі емес түстер, кір, дақтар, т.с.с. пайда болады

- Сканер әйнегін тазалаңыз.
- Түпнұсқаға жабысып қалған қоқыс пен жұққан кірді кетіріңіз.
- Түпнұсқаға немесе сканер қақпағына шамадан тыс күш түсірмеңіз. Егер шамадан тыс күшпен бассаңыз, сияның жағылуы, тамып кетуі немесе дақтардың түсуі орын алуы мүмкін.

Қатысты ақпарат

- ➔ [“Сканер әйнегі тазалау” бетте 116](#)

Кескін сапасы — қатпарлы

- Epson Scan 2 бөлімде **Режим** параметрін сканерлеу қажет түпнұсқаға сәйкес орнатыңыз. **Құжат режимі** бөліміндегі құжаттарға арналған параметрлер және **Фотосурет режимі** бөліміндегі фотосуреттерге арналған параметрлер арқылы сканерлеңіз.
- Epson Scan 2 бөлімінде **Кеңейтілген параметрлер** қойындысындағы элементтер арқылы кескінді реттеп, сканерлеңіз.
- Егер ажыратымдылық төмен болса, ажыратымдылықты арттырып, сканерлеп көріңіз.

Қатысты ақпарат

- ➔ [“Epson Scan 2 пайдалану арқылы сканерлеу” бетте 92](#)
- ➔ [“Сканерлеуге арналған мәзір параметрлері” бетте 91](#)

Кескіндердің фонында ығысу пайда болады

Сканерленген кескінде түпнұсқаның артқы жағындағы кескіндер көрінуі мүмкін.

- Epson Scan 2 бөлімінде **Кеңейтілген параметрлер** қойындысын таңдаңыз, содан соң **Жарықтық** параметрін реттеңіз.
Бұл мүмкіндік **Негізгі параметрлер** қойындысы > **Кескін түрі** бөліміндегі параметрлерге немесе **Кеңейтілген параметрлер** қойындысындағы параметрлерге байланысты қолжетімді емес болуы мүмкін.
- Құжат режимі** бөліміндегі Epson Scan 2 тармағында **Кеңейтілген параметрлер** қойындысын таңдап, **Кескін опциясы** > **Мәтінді жақсарту** параметрін таңдаңыз.

Ақаулықтарды шешу

- ❑ Сканер әйнегінен сканерлегенде қара қағазды немесе үстел төсемесін түпнұсқа үстіне қойыңыз.

Қатысты ақпарат

- ➔ “Түпнұсқаларды Сканер әйнегі үстіне қою” бетте 49
- ➔ “Epson Scan 2 пайдалану арқылы сканерлеу” бетте 92
- ➔ “Сканерлеуге арналған мәзір параметрлері” бетте 91

Мәтін бұрмаланған

- ❑ **Құжат режимі** бөліміндегі Epson Scan 2 тармағында **Кеңейтілген параметрлер** қойындысын таңдап, **Кескін опциясы** > **Мәтінді жақсарту** параметрін таңдаңыз.
- ❑ **Құжат режимі** параметрін Epson Scan 2 бөліміндегі **Режим** параметрі ретінде таңдаңыз. **Құжат режимі** бөліміндегі құжаттарға арнадған параметрлер арқылы сканерлеңіз.
- ❑ **Құжат режимі** бөліміндегі Epson Scan 2 тармағында **Негізгі параметрлер** қойындысындағы **Кескін түрі** параметрі **Ақ-қара** күйіне орнатылғанда **Кеңейтілген параметрлер** қойындысындағы **Шек** параметрін реттеңіз. **Шек** параметрін арттырсаңыз, қара түс аймағы үлкейеді.
- ❑ Егер ажыратымдылық төмен болса, ажыратымдылықты арттырып, сканерлеп көріңіз.

Қатысты ақпарат

- ➔ “Құжаттарды сканерлеу (Құжат режимі)” бетте 92
- ➔ “Сканерлеуге арналған мәзір параметрлері” бетте 91

Муарлар (торлы көлеңкелер) пайда болады

Егер түпнұсқа басып шығарылған құжат болса, сканерленген кескінде муарлар (торлы көлеңкелер) пайда болуы мүмкін.

- ❑ Epson Scan 2 бағдарламасының **Кеңейтілген параметрлер** қойындысында **Растрды алу** параметрін орнатыңыз.



- ❑ Ажыратымдылықты өзгертіңіз, содан кейін қайта сканерлеңіз.

Қатысты ақпарат

- ➔ “Epson Scan 2 пайдалану арқылы сканерлеу” бетте 92
- ➔ “Сканерлеуге арналған мәзір параметрлері” бетте 91

Ақаулықтарды шешу

Сканер әйнегінде дұрыс аймақты сканерлеу мүмкін емес

- Түпнұсқа реттеу белгілеріне қарсы дұрыс орналастырылғанын тексеріңіз.
- Егер сканерленген кескіннің жиегі жоқ болса, түпнұсқаны сканер әйнегінің жиегінен сәл жылжытыңыз.
- Сканер әйнегіне бірнеше түпнұсқаны қойғанда түпнұсқалар арасында кемінде 20 мм (0,79 дюйм) саңылау бар екенін тексеріңіз.
- Басқару тақтасынан сканерлегенде және автоматты сканерлеу аумағын қию функциясын таңдағанда, сканер әйнегінен және құжаттың қақпағынан кез келген қоқысты немесе шаңды алып тастаңыз. Егер түпнұсқаның айналасында қанедай да бір қоқыс немесе шаң болса, оны қосу үшін сканерлеу аумағы кеңейеді.

Қатысты ақпарат

➔ [“Түпнұсқаларды Сканер әйнегі үстіне қою” бетте 49](#)

Пиктограмма бөлімінде алдын ала қарау мүмкін емес

- Бірнеше түпнұсқаны сканер шынысына қойғанда, түпнұсқалардың арасында кемінде 20 мм (0,79 дюйм) бар екенін тексеріңіз.
- Түпнұсқа тік қойылғанын тексеріңіз.
- Түпнұсқаға байланысты алдын ала қарау әрекеті **Пиктограмма** бөлімінде орындалмауы мүмкін. Мұндай жағдайда, бүкіл сканерленген аймақты алдын ала қарау үшін алдын ала қарау терезесінің жоғарғы жағындағы **Пиктограмма** ұяшығына белгі қойып, тікбұрыштарды қолмен жасаңыз.

Қатысты ақпарат

➔ [“Фотосуреттерді немесе суреттерді сканерлеу \(Фотосурет режимі\)” бетте 95](#)

Ізделетін PDF пішімі ретінде сақтағанда мәтін дұрыс анықталмады

- Кескінді пішімдеу опциялары** терезесіндегі Epson Scan 2 бөлімінде **Мәтін тілі** параметрі **Мәтін** қойындысында дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.
- Түпнұсқа тік қойылғанын тексеріңіз.
- Анық мәтін бар түпнұсқаны пайдаланыңыз. Түпнұсқалардың келесі түрлері үшін мәтіннің анықталуы төмендеуі мүмкін.
 - Бірнеше рет көшірілген түпнұсқалар
 - Факспен жіберілген түпнұсқалар (төмен ажыратымдылықта)
 - Әріп арасындағы немесе жол арасындағы аралық тым кішкентай түпнұсқалар
 - Шектік сызықтары немесе мәтін асты сызылған сызықтары бар түпнұсқалар
 - Қолмен жазылған мәтін бар түпнұсқалар
 - Қисықтар мыжырықтар бар түпнұсқалар

Ақаулықтарды шешу

- ❑ **Құжат режимі** бөліміндегі Epson Scan 2 тармағында **Кескін түрі** қойындысындағы **Негізгі параметрлер** параметрі **Ақ-қара** күйіне орнатылғанда **Шек** қойындысындағы **Кеңейтілген параметрлер** параметрін реттеңіз. **Шек** параметрін арттырғанда қара түс қоюлана түседі.
- ❑ **Құжат режимі** бөліміндегі Epson Scan 2 тармағында **Кеңейтілген параметрлер** қойындысын таңдап, **Кескін опциясы** > **Мәтінді жақсарту** параметрін таңдаңыз.

Қатысты ақпарат

➔ [“Құжаттарды сканерлеу \(Құжат режимі\)” бетте 92](#)

Сканерленген кескінде проблемаларды шешу мүмкін емес

Егер барлық шешімдерді қолдансаңыз және проблема шешілмесе, Epson Scan 2 параметрлерін Epson Scan 2 Utility қолданбасы арқылы инициализациялаңыз.

Ескертпе:

Epson Scan 2 Utility — Epson Scan 2 мүмкіндігімен берілетін қолданба.

1. Epson Scan 2 Utility бағдарламасын іске қосыңыз.

❑ Windows 10

Бастау түймесін басып, **EPSON** > **Epson Scan 2 Utility** таңдаңыз.

❑ Windows 8.1/Windows 8

Іздеу жолағына бағдарлама атын енгізіп, көрсетілетін белгішені таңдаңыз.

❑ Windows 7/Windows Vista/Windows XP

Бастау түймесін басыңыз, содан соң **Барлық бағдарламалар** немесе **Бағдарламалар** > **EPSON** > **Epson Scan 2** > **Epson Scan 2 Utility** параметрін таңдаңыз.

❑ Mac OS

Өту > **Бағдарламалар** > **Epson Software** > **Epson Scan 2 Utility** тармағын таңдаңыз.

2. **Басқа** қойындысын таңдаңыз.

3. **Қайтару** түймесін басыңыз.

Ескертпе:

Егер инициализациялау проблеманы шешпесе, Epson Scan 2 қолданбасын жойып, қайта орнатыңыз.

Қатысты ақпарат

➔ [“Қолданбаларды жою” бетте 139](#)

➔ [“Қолданбаларды орнату” бетте 140](#)

Басқа сканерлеу ақаулары

Сканерлеу тыс баяу

Ажыратымдылықты азайтыңыз.

Қатысты ақпарат

- ➔ [“Epson Scan 2 пайдалану арқылы сканерлеу” бетте 92](#)
- ➔ [“Сканерлеуге арналған мәзір параметрлері” бетте 91](#)

Сканерлеу PDF/Multi-TIFF пішіміне сканерлегенде тоқтайды

- Epson Scan 2 көмегімен сканерлеген кезде, PDF пішімінде 999 бетке дейін және Multi-TIFF пішімінде 200 бетке дейін үздіксіз сканерлеуге болады.
- Үлкен көлемдерді сканерлегенде сұр түс реңктерінде сканерлеу ұсынылады.
- Компьютердің қатты дискіндегі бос орынды арттырыңыз. Бос орын жеткіліксіз болса, сканерлеу тоқтауы мүмкін.
- Төменірек ажыратымдылықпен сканерлеп көріңіз. Деректердің жалпы өлшемі шекке жетсе, сканерлеу тоқтайды.

Қатысты ақпарат

- ➔ [“Epson Scan 2 пайдалану арқылы сканерлеу” бетте 92](#)
- ➔ [“Сканерлеуге арналған мәзір параметрлері” бетте 91](#)

Басқа ақаулар

Принтерді ұстаған кезде сәл электр тогы соғады

Егер компьютерге көптеген сыртқы құрылғылар қосылған болса, принтерді ұстаған кезде сәл электр тогының соғуын сезесіз. Принтерге қосылған компьютерге жерге қосылған сым орнатыңыз.

Жұмыс дыбыстары қатты

Егер қатты дыбыспен жұмыс істесе, **Дыбыссыз режим** қосыңыз. Бұл мүмкіндікті қосу басып шығару жылдамдығын азайтуы мүмкін. Таңдаған қағаз түрі мен басып шығару сапасының параметрлеріне байланысты принтердің шуыл деңгейінде өзгешелік болмауы мүмкін.


- Басқару тақтасы
Негізгі экраннан **Тыныштық режимі** таңдап, оны қосыңыз.

Ақаулықтарды шешу

Windows

Принтер драйверіндегі **Дыбыссыз режим** қойындысында **Басты** режимін қосыңыз.

Mac OS

Жүйе параметрлері тармағын  мәзірінен > **Принтерлер және сканерлер** (немесе **Басып шығару және сканерлеу, Басып шығару және факс**) тармағынан таңдап, принтерді таңдаңыз. **Опциялар және керек-жарақтар** > **Опциялар** (немесе **Драйвер**) түймесін басыңыз. **Оп** күйін **Дыбыссыз режим** параметрі ретінде таңдаңыз.

Деректерді жад картасына сақтау мүмкін емес

Принтер қолдау көрсететін жад картасын пайдаланыңыз.

Жад картасы жазудан қорғалмағанын тексеріңіз.

Жад картасында жеткілікті жад бар екенін тексеріңіз. Қол жетімді жад тым аз болса, деректерді сақтау мүмкін емес.

Қатысты ақпарат

➔ [“Қолдау көрсетілетін жад картасының техникалық сипаттамалары” бетте 177](#)

Бағдарлама қауіпсіздік шлюзімен блокталды (тек Windows үшін)

Басқару тақтасы ішіндегі қауіпсіздік параметрлерінде қолданбаны Windows брандмауэры рұқсат еткен бағдарламаларға қосыңыз.

«?» Фотосуретті таңдау экранында көрсетіледі

«?» өнім кескін файлына қолдау көрсетпегенде СКД экранында көрсетіледі.

Қатысты ақпарат

➔ [“Қолданылған деректер спецификациясы” бетте 178](#)

Қосымша

Техникалық сипаттамалары

Принтердің техникалық сипаттамалары

Басып шығару басы саңылауын қою		Қара сия саңылаулары: 180 Түсті сия саңылаулары: әрбір түс үшін 59
Қағаз салмағы*	Қарапайым қағаз	64 – 90 г/м ² (17 – 24 фунт)
	Хатқалталар	№10 хатқалта, DL, C6: 75 – 90 г/м ² (20 – 24 фунт)


* Қағаз қалыңдығы осы ауқым ішінде болғанда да, қағаз принтерге берілмеуі мүмкін немесе қағаз сипаттарына немесе сапасына байланысты сканерлеу сапасы нашарлауы мүмкін.

Басып шығарылатын аймақ


Жалғыз парақтар үшін басып шығарылатын аумақ

Принтер механизміне байланысты көлеңкелі аймақтарда басып шығару сапасы төмендеуі мүмкін.

Жиектермен басып шығару

	A	3.0 мм (0.12 дюйм)
	B	3.0 мм (0.12 дюйм)
	C	40.0 мм (1.57 дюйм)
	D	32.0 мм (1.26 дюйм)


Жиексіз басып шығару

	A	43.0 мм (1.69 дюйм)
	B	35.0 мм (1.38 дюйм)

Қосымша

Хатқалталар үшін басып шығарылатын аумақ

Принтер механизміне байланысты көлеңкелі аймақтарда басып шығару сапасы төмендеуі мүмкін.

	A	3.0 мм (0.12 дюйм)
	B	5.0 мм (0.20 дюйм)
	C	18.0 мм (0.71 дюйм)
	D	40.0 мм (1.57 дюйм)

Сканердің техникалық сипаттамалары

Сканер түрі	Планшет типті
Фотоэлектр құрылғысы	CIS
Ең үлкен құжат көлемі	216×297 мм (8.5×11.7 дюйм) A4, Letter
Ажыратымдылық	1200 нкт/дюйм (негізгі сканер) 2400 нкт/дюйм (қосымша сканер)
Түс тереңдігі	Түс <input type="checkbox"/> 48 бит/пиксель ішкі (16 бит/пиксель ішкі/түс ішкі) <input type="checkbox"/> 24 бит/пиксель сыртқы (8 бит/пиксель ішкі/түс сыртқы) Сұр түс реңктері <input type="checkbox"/> 16 бит/пиксель ішкі <input type="checkbox"/> 8 бит/пиксель сыртқы Ақ-қара <input type="checkbox"/> 16 бит/пиксель ішкі <input type="checkbox"/> 1 бит/пиксель сыртқы
Жарық көзі	Жарық диод

Интерфейстің техникалық сипаттамалары

Компьютер үшін	Hi-Speed USB
----------------	--------------

Қосымша

Желі функциялары тізімі

Желі функциялары және IPv4/IPv6

Функциялары		Қолдау көрсетілетіні	Ескертпелер	
Желілік басып шығару	EpsonNet Print (Windows)	IPv4	✓	-
	Standard TCP/IP (Windows)	IPv4, IPv6	✓	-
	WSD басып шығару (Windows)	IPv4, IPv6	✓	Windows Vista немесе кейінгі
	Bonjour басып шығару (Mac OS)	IPv4, IPv6	✓	-
	IPP басып шығару (Windows, Mac OS)	IPv4, IPv6	✓	-
	UPnP басып шығару	IPv4	-	Ақпарат құрылғысы
	PictBridge басып шығару (Wi-Fi)	IPv4	-	Цифрлық фотокамера
	Epson Connect (электрондық поштамен басып шығару, қашықтан басып шығару)	IPv4	✓	-
	AirPrint (iOS, Mac OS)	IPv4, IPv6	✓	iOS 5 немесе одан кейінгі, Mac OS X v10.7 немесе одан кейінгі
Google Cloud Print	IPv4, IPv6	✓	-	
Желілік ортақ пайдалану	Epson Scan 2	IPv4, IPv6	✓	-
	Event Manager	IPv4	✓	-
	Epson Connect (бұлтқа сканерлеу)	IPv4	✓	-
	AirPrint (сканерлеу)	IPv4, IPv6	✓	OS X Mavericks немесе кейінгі
	АҚБ (2 жақты сканерлеу)		-	-
Факс	Факс жіберу	IPv4	-	-
	Факс алу	IPv4	-	-
	AirPrint (факс шығысы)	IPv4, IPv6	-	-

Қосымша

Wi-Fi сипаттамалары

Стандарттар	IEEE 802.11b/g/n*1, *2
Жиілік ауқымы	2,4 ГГц
Берілетін ең жоғары радиожілік қуаты	19.8 дБм (EIRP)
Координация тәсілдері	Инфрақұрылым, Wi-Fi Direct (қарапайым AP)*3
Сымсыз қауіпсіздік*4	WEP (64/128bit), WPA2-PSK (AES)*5

*1 Сатып алу орнына байланысты IEEE 802.11b/g/n немесе IEEE 802.11b/g стандарттарына сай келеді.

*2 IEEE 802.11n стандарты тек HT20 құрылғысы үшін қолжетімді.

*3 IEEE 802.11b үшін қолдау көрсетілмейді.

*4 Wi-Fi Direct режимі тек WPA2-PSK құрылғысын (AES) қолдайды.

*5 WPA/WPA2 Personal үшін қолдау көрсетілген WPA2 қауіпсіздігіне сәйкес келеді.

Қауіпсіздік протоколы

SSL/TLS	HTTPS сервері/клиенті, IPPS
---------	-----------------------------

Қолдау көрсетілетін үшінші тарап қызметтері

AirPrint	Басып шығару	iOS 5 немесе одан кейінгі/Mac OS X v10.7.x немесе одан кейінгі
	Сканерлеу	OS X Mavericks немесе одан кейінгі
Google Cloud Print		

Сыртқы жад құрылғысының техникалық сипаттамалары

Қолдау көрсетілетін жад картасының техникалық сипаттамалары

Үйлесімді жад карталары	Ең жоғары сыйымдылық
miniSD*	2 Гбайт
miniSDHC*	32 Гбайт
microSD*	2 Гбайт
microSDHC*	32 Гбайт

Қосымша

Үйлесімді жад карталары	Ең жоғары сыйымдылық
microSDXC*	64 Гбайт
SD	2 Гбайт
SDHC	32 Гбайт
SDXC	64 Гбайт

* Жад картасы ұяшығына сәйкестендіру үшін адаптерді бекітіңіз. Әйтпесе карта тұрып қалуы мүмкін.

Қолданылған деректер спецификациясы

Файл пішімі	1.0 немесе 2.0* ² нұсқасымен үйлесімді DCF* ¹ цифрлық камераларының көмегімен алынған Exif Version 2.3 стандартындағы JPEG форматтары (*.JPG)
Кескін өлшемі	Көлденең: 80 – 10200 пиксел Тік: 80 – 10200 пиксел
Файл көлемі	2 Гбайттан аз
Ең көп файлдар саны	9990* ³

*1 Design rule — Камераның файлдық жүйесі үшін.

*2 Сандық фотокамераның кірістірілген жадында сақталған фотосурет деректеріне қолдау көрсетілмейді.

*3 Бір уақытта 999 файл көрсетіле алады. (Егер файлдар саны 999 артық болса, файлдар топтастырылып көрсетіледі.)

Ескертпе:

Принтер кескінді анықтай алмаған кезде СҚД экранында «?» белгісі көрсетіледі. Бірнеше кескін пішімі таңдалған жағдайда бос бөліктер басып шығарылады.

Өлшемділіктер

Өлшемділіктер	<p>Сақтау</p> <ul style="list-style-type: none"> <input type="checkbox"/> Ені: 390 мм (15.4 дюйм) <input type="checkbox"/> Тереңдігі: 300 мм (11.8 дюйм) <input type="checkbox"/> Биіктігі: 146 мм (5.7 дюйм) <p>Басып шығару</p> <ul style="list-style-type: none"> <input type="checkbox"/> Ені: 390 мм (15.4 дюйм) <input type="checkbox"/> Тереңдігі: 528 мм (20.8 дюйм) <input type="checkbox"/> Биіктігі: 279 мм (11.0 дюйм)
Салмағы*	шамамен 4.3 кг (9.5 фунт)

* Сия картридждерінсіз және қуат сымынсыз

Қосымша

Электр техникалық сипаттамалары

Үлгі	100 – 240 В үлгісі	220 – 240 В үлгісі
Номиналды жиілік ауқымы	50 – 60 Гц	50 – 60 Гц
Номиналды ток	0.5 – 0.3 А	0.3 А
Қуат тұтынуы (USB қосылымымен)	Бөлек көшіру: шамамен 13.0 Вт (ISO/IEC24712) Дайын режимі: шамамен 4.6 Вт Күту режимі: шамамен 1.6 Вт Қуатты ажырату: шамамен 0.3 Вт	Бөлек көшіру: шамамен 13.0 Вт (ISO/IEC24712) Дайын режимі: шамамен 4.6 Вт Күту режимі: шамамен 1.6 Вт Қуатты ажырату: шамамен 0.3 Вт

Ескертпе:

Кернеуін принтердің жапсырмасын қараңыз.

Қоршаған орта сипаттамалары

Әрекет	<p>Келесі суретте көрсетілген ауқым ішінде принтерді пайдаланыңыз.</p> <p>Температура: 10 - 35°C Ылғалдылық: 20 - 80% ҚЫ (конденсациясыз)</p>
Сақтау	<p>Температура: -20 және 40°C арасында (-4 және 104°F арасында)* Ылғалдылық: 5 - 85% ҚЫ (конденсациясыз)</p>

* Бір ай 40°C температурада сақтауға болады.

Сия картриджеріне арналған қоршаған орта спецификациялары

Сақтау температурасы	-30 - 40 °C (-22 - 104 °F)*
Қату температурасы	-16 °C (3.2 °F) Сия 25 °C (77 °F) деңгейінде шамамен 3 сағаттан кейін ериді және пайдалануға жарамды болады.

* Бір ай 40 °C (104 °F) градуста сақтауға болады.

Жүйе талаптары

- Windows 10 (32 бит, 64 бит)/Windows 8.1 (32 бит, 64 бит)/Windows 8 (32 бит, 64 бит)/Windows 7 (32 бит, 64 бит)/Windows Vista (32 бит, 64 бит)/Windows XP SP3 немесе одан кейінгі нұсқасы (32 бит)/Windows XP Professional x64 Edition SP2 немесе одан кейінгі нұсқасы
- macOS High Sierra/macOS Sierra/OS X El Capitan/OS X Yosemite/OS X Mavericks/OS X Mountain Lion/Mac OS X v10.7.x/Mac OS X v10.6.8

Ескертпе:

- Mac OS кейбір қолданбалар мен мүмкіндіктерді қолдамауы мүмкін.*
- UNIX файл жүйесі (UFS) Mac OS үшін қолданылмайды.*

Заңға қатысты ақпарат

Еуропалық үлгілер бойынша стандарттар мен мақұлдаулар

Еуропалық пайдаланушылар үшін

Бұл арқылы Seiko Epson Corporation компаниясы келесі радио жабдығының моделі 2014/53/EU Директивасымен сәйкес екенін мәлімдейді. Сәйкестіктің ЕО мәлімдемесінің толық мәтіні келесі веб-сайтта қолжетімді.

<http://www.epson.eu/conformity>

C462T

Тек Ирландияда, Ұлыбританияда, Австрияда, Германияда, Лихтенштейнде, Швейцарияда, Францияда, Бельгияда, Люксембургте, Нидерландыда, Италияда, Португалияда, Испанияда, Данияда, Финляндияда, Норвегияда, Швецияда, Исландияда, Хорватияда, Кипрде, Грецияда, Словенияда, Мальтада, Болгарияда, Чехияда, Эстонияда, Венгрияда, Латвияда, Литвада, Польшада, Румынияда және Словакияда пайдалануға арналған.

Epson компаниясы өнімдердің ұсынылмаған өзгертулерінен болған қорғау талаптарына сәйкес келуі үшін кез келген қатеге жауапты болмайды.



Көшіру шектеулері

Принтерді жауапты және заңды пайдалануды қамтамасыз ету үшін төмендегі шектеулерді орындаңыз.

Төмендегі элементтерді көшіруге заңмен тыйым салынады:

- банкноттар, тиындар, мемлекет шығарған бағалы қағаздар, мемлекеттік облигациялы бағалы қағаздар және муниципалдық бағалы қағаздар
- қолданылмаған пошта маркалары, таңбаланған ашық хаттар және басқа жарамды пошта алымы бар басқа ресми пошта заттары
- мемлекеттік акциздік маркалар және заңды іс рәсімімен шығарылған бағалы қағаздар

Қосымша

Төмендегі элементтерді көшіру кезінде абай болыңыз:

- жеке нарықтық бағалы қағаздар (акционерлік сертификаттар, берілетін соло вексельдер, банка чектері, т.б.), айлық билеттер, жеңілдік билеттері, т.б.
- паспорттар, жүргізуші куәліктері, фитнес купондар, жол билеттері, азық-түлік талондар, билеттер, т.б.

Ескертпе:

Бұл элементтерді көшіру заңмен тыйым салынған.

Авторлық құқықтары қорғалған материалдарды жауапты пайдалану:


авторлық құқықтары қорғалған материалдарды дұрыс көшірмеу салдарынан принтерлер дұрыс пайдаланылмауы мүмкін. Білікті заңгердің кеңесі бойынша әрекет етпесе, жарияланған материалды көшірмес бұрын авторлық құқық иесінің рұқсатын алып, жауапты болыңыз және құрметтеңіз.

Принтерді тасымалдау

Принтерді жылжыту немесе жөндеу үшін тасымалдағанда принтерді орау үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

Маңызды:

- Принтерді сақтағанда немесе тасымалдағанда, оны еңкейтпеңіз, тігінен қоймаңыз немесе төңкермеңіз; әйтпесе, сия ағуы мүмкін.
- Сия картридждерін орнатулы қалдырыңыз. Картридждерді алу басып шығару механизмінің кебуіне себеп болады және принтердің басып шығаруын болдырмайды.

1.  түймесін басу арқылы принтерді өшіріңіз.
2. Қуат шамы өшірулі екенін тексеріңіз, содан кейін қуат сымын розеткадан суырыңыз.


Маңызды:

Қуат шамы өшірілген кезде қуат сымын ажыратыңыз. Әйтпесе, басып шығару механизмі бастапқы орнына оралмай, сияның кебуіне әкеледі және басып шығару мүмкін емес болып кетуі мүмкін.


3. Қуат сымы және USB кабелі сияқты барлық кабельдерді ажыратыңыз.
4. Жад картасы салынбағанын тексеріңіз.
5. Принтерден бүкіл қағазды алыңыз.
6. Принтерде түпнұсқалар жоқ екенін тексеріңіз.

Қосымша


7. Құжат қақпағы жабық күйде сканер бөлігін ашыңыз. Сия картриджының ұстағышын корпусқа лентамен бекітіңіз.



8. Сканер бөлігін жабыңыз.



9. Принтерді төменде көрсетілгендей орауға дайындаңыз.



10. Қорғағыш материалдарды пайдаланып принтерді өз қорабына ораңыз.

Қосымша

Принтерді қайтадан пайдаланғанда сия картриджын ұстағышты бекітетін лентаны алыңыз. Келесі рет басып шығарғанда басып шығару сапасы төмендесе, басып шығару механизмін тазалаңыз және туралаңыз.

Қатысты ақпарат

- ➔ “Бөлік аттары мен функциялары” бетте 17
- ➔ “Басып шығару механизмін тексеру және тазалау” бетте 112
- ➔ “Басып шығару механизмін туралау” бетте 114

Жад картасына компьютерден кіру

Принтерге салынған жад картасы сияқты сыртқы жад құрылғысына компьютерден деректерді жазуға немесе одан оқуға болады.



Маңызды:

- Жад картасын жазудан қорғау функциясын алғаннан кейін салыңыз.
- Егер компьютердегі кескін жад картасына сақталса, кескін және фотосуреттердің саны сұйық кристалды экранда жаңартылмайды. Жад картасын шығарып, қайта салыңыз.
- USB және желі арқылы қосылған компьютерлер арасындағы принтерге енгізілген сыртқы құрылғыны ортақ пайдаланған кезде, тек принтерде таңдалған әдіспен қосылған компьютерлерге жазбаша кіруге рұқсат беріледі. Сыртқы жад құрылғысына жазу үшін басқару тақтасында **Параметрді орнату** тармағына кіріңіз, **Файлмен бөлісуді орнату** тармағын және қосылым әдісін таңдаңыз.

Ескертпе:

2TB HDD сияқты үлкен сыртқы жад құрылғысы қосылған болса, компьютерден деректерді тануға біраз уақыт кетеді.

Windows

Компьютер немесе **Менің компьютерім** тармағынан сыртқы жад құрылғысын таңдаңыз. Сыртқы жад құрылғысындағы деректер көрсетіледі.

Ескертпе:

Принтерді желіге бағдарламалық құрал дискісіңіз немесе Web Installer бағдарламасынсыз қоссаңыз, жад картасының ұяшығын немесе USB портын желілік диск ретінде белгілеңіз. **Орындау** тармағын ашып, принтер атын ||XXXXX немесе принтердің IP мекенжайын ||XXX.XXX.XXX.XXX **Ашу:** тармағына енгізіңіз. Желіні белгілеу үшін, көрсетілген құрылғы белгішесін тінтуірдің оң жағымен басыңыз. Желі жетегі **Компьютер** немесе **Менің компьютерім** мәзірінде көрсетіледі.

Mac OS

Сәйкес құрылғы белгішесін таңдаңыз. Сыртқы жад құрылғысындағы деректер көрсетіледі.

Ескертпе:

- Сыртқы жад құрылғысын жою үшін құрылғы белгішесін себет белгішесіне сүйреп апарыңыз. Әйтпесе ортақ дискідегі деректер басқа сыртқы жад құрылғысы салынғанда көрсетілмеуі мүмкін.
- Сыртқы сақтау құрылғысына желі арқылы кіру үшін жұмыс үстеліндегі мәзірден **Go > Connect to Server** таңдаңыз. **Сервер мекенжайы** жолағына принтер атауын `cifs://XXXXX` не `smb://XXXXX` атауын (мұндағы «XXXXX» принтер атауы болып табылады) жазып, **Қосу** түймесін басыңыз.

Қосымша

Қатысты ақпарат

- ➔ “Жад картасын салу” бетте 51
- ➔ “Қолдау көрсетілетін жад картасының техникалық сипаттамалары” бетте 177

Қолдау көрсету қызметі

Техникалық қолдау көрсету веб-торабы

Егер қосымша көмек қажет болса, төменде көрсетілген Epson қолдау көрсету веб-торабын қараңыз. Еліңізді немесе аймағыңызды таңдаңыз және жергілікті Epson веб-торабының қолдау көрсету бөліміне өтіңіз. Ең соңғы драйверлер, ЖҚС, нұсқаулықтар немесе басқа жүктеулерді осы веб-тораптан алуға болады.

<http://support.epson.net/>

<http://www.epson.eu/Support> (Еуропа)

Егер Epson өніміңіз дұрыс жұмыс істемесе немесе ақаулықтарды шеше алмасаңыз, көмек алу үшін Epson қолдау көрсету қызметіне хабарласыңыз.

Epson қолдау көрсету орталығына хабарласу

Epson компаниясына хабарласу алдында

Егер Epson өнімі дұрыс емес жұмыс істеп жатса және өнім нұсқаулықтарындағы ақаулықтарды жою туралы ақпаратты пайдаланып мәселені шеше алмасаңыз, көмек алу үшін Epson қолдау қызметіне хабарласыңыз. Егер аумағыңыз үшін Epson төмендегі тізімде берілмеген болса, өнімді сатып алған жердегі дилерге хабарласыңыз.

Epson қолдау қызметі төмендегі ақпаратты берсеңіз, сізге әлдеқайда тезірек көмектесе алады:

- Өнімнің сериялық нөмірі
(Сериялық нөмір жапсырмасы әдетте өнімнің артында болады.)
- Өнім үлгісі
- Өнім бағдарламалық жасақтамасының нұсқасы
(**About, Version Info** түймесін немесе өнімнің бағдарламалық жасақтамасындағы ұқсас түймені басыңыз.)
- Компьютердің бренді және үлгісі
- Компьютердің операциялық жүйесінің атауы және нұсқасы
- Әдетте өніммен бірге пайдаланатын қолданбалардың атаулары және нұсқалары

Ескертпе:

Өнімге байланысты желі параметрлері өнімнің жадында сақталуы мүмкін. Өнімнің бұзылуына немесе жөндеуге байланысты параметрлер жоғалуы мүмкін. Epson кепілдік мерзімінде де кез келген деректердің жоғалуына, параметрлерді сақтық көшірмелеуге немесе қалпына келтіруге жауапты болмайды. Біз сізге жеке сақтық көшірме деректеріңізді жасауды немесе ескертпелер жазуды ұсынамыз.

Қосымша

Еуропадағы пайдаланушыларға көмек

Erson қолдау көрсету қызметімен хабарласу әдісі туралы ақпарат алу үшін жалпы еуропалық құжатын қараңыз.